

19
НАУРЫЗ
2023

ӨЗ
ТАҢДАУЫҢДЫ
ЖАСА!

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ
МӘЖІЛІСІНІҢ ЖӘНЕ
МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ
ДЕПУТАТТАРЫН
САЙЛАУ

СТИКЕРПАК



ЭКСКЛЮЗИВ

Президент бейнесі бар
стикерлер шықты

12

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН



ЦИФРЛЫҚ
62 БАСТАМА

Жаңа технологиялар
қазақстандықтардың
өмірін қалай
жеңілдетеді?

8

СПОРТ



ШЫНЫҚСАҢ –
ШЫМЫР
БОЛАСЫҢ

10

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

4.03.2023

Түнде:



+1+2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+12+14 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

5.03.2023

Түнде:



+3+5 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+17+19 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8, күндіз екпіні 15 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №31 (6324) 4 наурыз, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCx23M2x1Chx6Br1JgqyqeA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

МЕДЕУ: НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС КӨП

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың халықпен кезекті кездесуі Медеу ауданында өтті. Қала басшысы ауданның дамуы және тұрғындардан түскен ұсыныстар бойынша атқарылған жұмыстар туралы айтып берді. Кездесуге 350-ден астам адам келді.

4-5

ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖОБАЛЫҚ ОФИС

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен
Алматы қаласының әкімдігі арасында ынтымақтастық
туралы Меморандумға қол қойылды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

2023 жылдың 3 наурызында Алматы қаласының Жастар Лофт-орталығында студенттік жатақханалар құрылысының жобалық офисінің ашылуы өтті. Оған Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек пен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев қатысты.

2

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен кездесті.
- Президент Ғылым және жоғары білім министрін қабылдады.
- Сенаторлар кәсіпкерлерді қаржылай қолдау туралы нормалардың қолданысын ұзартты.
- Мемлекеттік кеңесші Ресейдің Мәдениет министрі Ольга Любимовамен кездесті.
- Үкіметте Қонаев қаласының, G4 City-дің және Алматы облысының дамуы туралы кеңес өтті.
- Мемлекеттік қызметшілердің журналистерге жауап беру мерзімі 7 күннен 3-5 күнге дейін қысқарады.
- «Ел бірлігі – Жаңа Қазақстан» жобасы жалғасын табады: 2025 жылға дейін 29 монокала тұрғындары қамтылады.
- Жер қойнауын пайдаланушыларға мониторинг жүргізетін «Minerals.gov.kz» платформасы әзірленді.
- 2030 жылға дейін Каспийде 10 мұнай құю баржасы, 8 паром, 6 танкер және контейнерлік кеме жұмыс істей бастайды.
- Жол жүрісін автоматты қадағалаудың тиімділігін арттыру үшін «Қорғау – Қауіпті жүргізуші» мобильді қосымшасы әзірленді.
- Елімізде жеке тұлға банкроттығы бойынша өтінім қабылдау басталды.
- 5 наурызда АҚШ-та аралас жекпе-жекпен өтетін UFC 285 турнирінде қазақтың қайсар ұлы Шавкат Рахмонов өнер көрсетеді.
- Журналистерге шабуыл ұйымдастырды деген күдіктінің сыбайластары анықталды.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА,

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына
+7 707 932 39 18 телефондары бойынша хабарласыңыз!





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекті қабылдады.

Президентке Қонаев қаласында академиялық қалашық салу жұмыстары басталғаны туралы есеп берілді. Былтыр халықаралық университеттердің үш өкілдігі ашылғаны және биыл бес жаңа филиал ашылатыны жөнінде мәлімет айтылды. Бұдан бөлек, министр 2023–2029 жылдарға арналған Жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасының жобасын ұсынды. Құжатта аталған саланы дамытудың барлық стратегиялық міндеті мен көрсеткіші қамтылған.

Ғылыми қызметкерлердің жалақысы 2 есе өскені және іргелі зерттеу жұмыстарымен айналысатын ҒЗИ-ды тікелей қаржыландыру мәселесі жөнінде баяндалды. Алдағы 3 жылда ғылыми жұмыстарды қаржыландыру 3,5 есеге артап. Министрлік студенттер мен магистранттардың стипендиясын кезең-кезеңмен өсіруді және студенттер жатақханаларында 7 жыл бойы жыл сайын жаңадан 10 000 орын ашуды жоспарлап отыр. Саясат Нұрбектің айтуынша, 15 өңірлік және 5 педагогикалық ЖОО базасында ғылымды әкімшілендірудің жаңа моделін енгізу және академиялық басымдық орталықтарын құру мәселесі пысықталып жатыр.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары білім алуға қолжетімділікті арттырудың және университет инфрақұрылымын дамытудың маңыздылығын атап өтті. Сондай-ақ, жуық арада ғылымды әкімшілендірудің жаңа моделіне көшу қажеттігін айтты.

■ ПАРЛАМЕНТ

Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің депутаттары кеңейтілген отырыста жер учаскелеріне құқық берудің мемлекеттік қызметтерін цифрландыруға қатысты заң жобасын талқылады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастры шеңберінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасының негізгі мақсаты – көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді цифрландыру жолымен жер учаскелеріне құқықтар берудің ашықтығы мен оңтайлы болуын қамтамасыз ету болып табылады. Заң жобасында цифрлық ақпаратты көрсете отырып, жария кадастрлық карта бойынша «Электрондық Үкіметтің» веб-порталы арқылы жерге тиісті құқық беру, қалалық елдімекендердегі жер учаскесі мен жылжымайтын мүлік объектісіне сәйкестендіру құжаттарын бір «жылжымайтын мүлік объектісінің кадастрлық паспортына» біріктіру ұсынылған. Сенаторлар комитеттің кеңейтілген отырысының қорытындысы бойынша заң жобасын Палатаның қарауына жіберу туралы шешім қабылдады.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әлихан Смайылов ҚХР-дың Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Чжан Сяомең кездесу өткізді.

Тараптар сауда-саттық, инвестициялар тарту, өнеркәсіп, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, цифрлық технологиялар, трансшекаралық өзендерді пайдалану және т.б. салалардағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады.

Қазақстанның жалпы тауар айналымының 18%-ын құрайтын Қытай еліміздің ірі сауда серіктестерінің бірі. ҚХР мемлекетіміздің экономикасына инвестиция салатын ТОП-5 елдің қатарына кіреді.

Кездесу барысында тараптар «Қорғас» ШЫХО-ның жұмысын қалпына келтіру, «Бақты-Покиту» автомобиль өткізу бекеті ауданында үшінші теміржол өткелін ашу, Транскаспий халықаралық ірі автомобиль жолдарын салу және машина жасау саласында жаңа өндірістерді құру мәселелерін қозғады.

Сонымен қатар, таяу болашақта Астана мен Бейжің арасында аптасына үш рейс жиілігімен әуе қатынасын қалпына келтіру және азаматтардың өзара сапарлары кезіндегі рәсімдерді оңайлату жоспарланып отырғаны атап өтілді.

Тараптар кездесу қорытындысы бойынша барлық екіжақты тиімді бағыттар бойынша өзара белсенді іс-қимылды жалғастыруға дайын екенін растады.

■ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ

Үкімет басшысының төрағалығымен өткен кеңесте тау-кен металлургия компаниялары қызметінің және саланы дамытудың бірқатар өзекті мәселесі қаралды.

Кеңеске қатысушылар жаңа инвестициялық жобаларды іске қосу, перспективалы кен орындарын игеру және шикізат пен отынды тасымалдау үшін теміржол инфрақұрылымын дамыту жоспарларын талқылады. Сонымен қатар, теміржол тасымалына тариф белгілеу, өнім экспортын ұлғайту, өнеркәсіп нысандарын газбен қамтамасыз ету және басқа да бірқатар мәселе қозғалды. Кеңеске «Қазақстан темір жолы» және QazaqGaz ұлттық компанияларының, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдардың басшылары қатысты. Премьер-Министр уәкілетті ведомстволарға бизнес өкілдері көтеретін түйткілді мәселелер бойынша шараларды пысықтауды жеделдетуді және келесі кеңесте нақты ұсыныстар беруді тапсырды.

■ МИНИСТР

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев қытайлық China Nonferrous Metals Mining (Group) Co., Ltd. металлургиялық компаниясының бас директорының орынбасары Лю Юй мырзамен кездесті.

Тараптар Қазақстанда мыс балқыту зауыты жобасын жүзеге асыру бойынша ынтымақтастық мәселелерін талқылады. Қазақстан тарапынан инвестициялық жобаны «Қазақмыс корпорациясы» және «KAZ Minerals» компаниялары жүзеге асырады. Зауыттың жобалық қуаты жылына 300 мың тонна катодты мысты құрамақ. Жоба инвестицияларды тартып қана қоймай, ұзақ мерзімді кезеңге жүздеген жұмыс орнын ашады.

■ БАСПАНА

БІР ТЕРЕЗЕ ҚАҒИДАТЫ

бойынша жұмыс істейтін «Қаржы орталығы» АҚ жобалық офисі жұмысын бастайды

Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлағандай, елімізде студенттер арасында баспана тапшылығын жою мақсатында жыл сайын студенттік жатақханаларда 10 мың орынға дейін ашу жоспарланып отыр.

Бұл мәселе Үкіметтің отырысында қаралды. Президент тапсырмасына сәйкес студенттер үшін жаңа жатақханалар салу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде, өйткені тұрғылықты жайлардың жетіспеушілігі еліміздің көптеген өңірлерінде өзекті мәселе болып отыр. Бұл, ең алдымен, Астана және Алматы қалаларында қатты сезіледі. Жастар өз бетінше баспана іздеп, оған қомақты ақша төлеуге мәжбүр.

Мәселені шешудің тиімді әдістерінің бірі – студенттерді жатақханамен қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру тетігін жетілдіру. Құрылыс салушыларды тарту үшін бір орынға мемлекеттік тапсырыс нормативі едәуір ұлғайтылды: мемлекет 6 жыл ішінде әрбір студент үшін жыл сайын Алматы қаласында 230 АЕК және елдің басқа өңірлерінде 195 АЕК төлейтін болады (2023 жылы 1 айлық есептік көрсеткіш 3450 теңгеге тең).

Осы мақсатта заңнамада жатақхана салу үшін жер телімін алу рәсімдерін жеңілдететін нормалар көзделген. Бүгінгі таңда мемлекеттік 28 ЖОО-ның 13-інің жер

кеттік тапсырыстарды орналастыру тетігін жетілдіру. Құрылыс салушыларды тарту үшін бір орынға мемлекеттік тапсырыс нормативі едәуір ұлғайтылды: мемлекет 6 жыл ішінде әрбір студент үшін жыл сайын Алматы қаласында 230 АЕК және елдің басқа өңірлерінде 195 АЕК төлейтін болады (2023 жылы 1 айлық есептік көрсеткіш 3450 теңгеге тең).

Осы мақсатта заңнамада жатақхана салу үшін жер телімін алу рәсімдерін жеңілдететін нормалар көзделген. Бүгінгі таңда мемлекеттік 28 ЖОО-ның 13-інің жер

учаскелері бар, 12-сінің жобалау-сметалық құжаттамасы рәсімделген.

Жоғары оқу орындары көп шоғырланған Алматы қаласында жатақханалар салу мәселесі өткір күйінде қалып отыр. Мұнда инвесторларды тарту үшін бір терезе қағидаты бойынша жұмыс істейтін «Қаржы орталығы» АҚ жобалық офисі жұмысын бастайды. Оның тәжірибесін жақын арада республиканың басқа өңірлеріне де тарату жоспарлануда.

Жиын қорытындысы бойынша әкімдіктерге жоғары оқу орындарымен бірлесіп отырып, үш жыл ішінде студенттер жатақханаларындағы орындар санын 30 мыңға дейін жеткізу міндеті қойылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

■ ЖАСТАР САЯСАТЫ

ЖОБАЛЫҚ ОФИС

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Алматы қаласының әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Рая ЕСКЕНДІР

(Басы 1-бетте)

Жобалық офис жергілікті атқарушы органдарға, жоғары оқу орындары мен инвесторларға студенттерді жатақханамен қамтама-

сыз ету жөніндегі мәселелерді жедел және жүйелі шешу үшін алаң ұсынады.

Жобалық офистің негізгі функциялары:

– жатақханалардағы студенттік орындардың тапшылығын шешу бойынша жоғары оқу орындарымен және инвесторлармен өзара әрекеттесу;

– құрылысқа жәрдем көрсету мәселелері бойынша Алматы қаласының жер қатынастары, қалалық жоспарлау және урбанистика, қала құрылысын бақылау басқармаларымен өзара әрекеттесу;

– жоғары оқу орындары мен әлеуетті инвесторлар үшін заңгерлік, консультациялық, сараптамалық және басқа да қызметтер көрсету.

Бүгінгі таңда Алматы қаласындағы студенттік жатақханалардағы жалпы төсек-орын тапшылығы – 32 мыңды құрайды.

Алматы қаласын дамытудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде 12 мың төсек-орынға, ал 2030 жылға дейін тағы 20 мың орынға жатақхана салу жоспарлануда.

Студенттерді жатақханалардағы орындармен қамтамасыз ету бойынша бірлескен жұмысты одан әрі жақсарту үшін Ғылым және жоғары білім министрлігі мен Алматы қаласының әкімдігі арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Жобалық офис Алматы қаласы, Байтұрсынов көшесі, 22 мекенжайында орналасқан. Барлық сұрақтар бойынша Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасына хабарласуға болады – Дания Абдуллина (8 701 491 54 94).

■ БАЙҚАУ

АЛТЫН АЛҒАН АЛМАТЫЛЫҚТАР

математика және механика бойынша халықаралық байқауда жеңіске жетті

Алматы құрама командасы Ө.Жолдасбеков атындағы математика және механика бойынша XII халықаралық ғылыми жобалар байқауында 4 алтын, 2 күміс және 4 қола медаль жеңіп алды. Байқауға Тәжікстан, Қырғызстан және Қазақстаннан 150-ден астам оқушы қатысты.

Ғылыми жобалар байқауы Алматыда 1-3 наурыз аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің механика-математика факультетінің базасында өтті.

Байқауға қатысушылар математика, қолданбалы математика, механика және экономикадағы математикалық әдістер сынды бірнеше секция бойынша ғылыми жоба қорғады. Сайыс барысында оқушылар жобасын таныстырып, ерекшелігін айтты.

– Мектеп оқушыларының жеңісіне әрдайым қуанамыз. Бүгін олар тағы да жүлделі орындарға ие болды. Оларды жеңістерімен құттықтаймыз! Халықаралық байқау жыл сайын ғылыми-зерттеуге қызығушылық танытқан дарынды оқушыларды анықтау үшін өткізіледі. Осылайша оқушыларымызды нақты ғылымды зерттеуге ынталандырамыз, – деді қалалық Білім басқармасының басшысы Ләззат Жылқыбаева.

Сонымен, білім бәйгесінде №159 гимназияның оқушылары Абай Бағжан мен Жөкен Диар, №178 мамандандырылған лицейдің оқушылары Мұқаш Ермұхан мен Әубәкір Іңкәр жеңімпаз атанды.

Ал №178 мамандандырылған лицейдің оқушылары Жалғасбек Адал мен Аяжан Маратова күміс жүлдегер атанды.

Үшінші орынды №159 гимназияның оқушылары Ерасыл Есенгелдин, Нұралы Оралбеков, Жанболат Дәуленхан және №39 мамандандырылған лицейдің оқушысы Олжас Майсыұлы иеленді. №83 гимназияның оқушысы Аялым Шаяхмет қатысқаны үшін Мактау қағазын алды.

Өткен оқу жылында 70-ке жуық алматылық оқушы халықаралық байқауларға қатысып, 43 оқушы жүлделі орындарды иеленген еді.



«AMANAT» партиясынан депутаттыққа кандидаттар медицина қауымының талап-тілектерін жинады

Алматыда «AMANAT» партиясынан қалалық мәслихат депутаттығына кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Мобильді топтар күн сайын сайлаушылардың ұсқауларын, өтініштері мен ұсыныстарын жинайды.

№5 қалалық емханада өткен кездесуде қызметкерлер мекемеге іргелес аумақты жақсарту бойынша өз ұсыныстарын айтты – медициналық мекемеде көлік тұрағы жоқ, сондықтан бұл мәселе науқастар мен емхана қызметкерлері үшін көптеген қолайсыздықтар тудырады. Тек №20 автобус жүретіндіктен, лық толы автобустен қатынау да қиын. Сонымен қатар, емхана қызметкерлері мекенжай бойынша қалалық тіркеуге тұру мен жұмысқа жақын жерде балабақшаның болмауының да өзіндік қолайсыздықтары барын айта кетті.

№5 қалалық клиникалық аурухана ұжымымен кездесуде тұрғын үй мәселесі көтерілді. Жас мамандардың айтуынша, жыл сайын бөлінетін пәтерлер саны қала халқының сұранысын қамтымайды, көмелетке толмаған балалардың ата-аналары болса балалардың бос уақытын өткізуге арналған тегін үйірмелер мен спорт секцияларының болмауына аландаулы. Сондай-ақ, ревматолог-мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру, азаматтардың бағаның жоғары болуына орай жиі жүгінуге мәжбүр екендігі, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға бірыңғай мемлекеттік баға саясатын белгілеу туралы мәселе көтерілді.

Одан бөлек, №5 ҚКА қызметкерлері дәрігерлердің мәртебесі мен имиджін көтеру, құқықтық қорғалуын күшейтуге заңнамаға өзгерістер енгізу бойынша көмек көрсетуді сұрады.

Қалалық кардиологиялық орталықтың қызметкерлері қала сыртында тұратын тұрғындардың («Асыл арман» ТК, Қаскелен) жалғыз №16 маршрутқа қатынау қиын екендігін айтып берді. Күн сайын қаланың батыс бөлігінде тұратын қызметкерлер мен пациенттер толы автобуста қысылып-қымтырылып, көптеген қолайсыздықтарға төзуге мәжбүр. Осыған орай, қаладағы жалғыз Республикалық маңызы бар кардиоорталыққа дейін қалалық маршруттар санын ұлғайту бойынша ұсыныстар айтылды.

Сонымен қатар, дәрігерлер экология мәселесіне алаңдайды – олардың пікірінше, шығарылған улы газ мен ауыр металлдардың тұздары астандан бастап, онкологияға дейін әртүрлі ауруларға әкелуі мүмкін.

№8 қалалық емханада өзекті мәселелердің бірі – емхана маңында жарықтың болмауы, бұл қараңғы уақытта қауіпті, өйткені бұзақылық пен тонау жағдайлары тіркелген. Сондай-ақ, медицина қызметкерлері азық-түлік бағасының қымбаттауы мен банктік несиелердің жоғары пайыздық мөлшерлемелеріне наразылық білдірді.

Бұдан өзге, «AMANAT» партиясынан депутаттыққа кандидаттар №36 қалалық емхананың ұжымымен кездесті. Жиын партияның өңірлік сайлауалды бағдарламасында баяндалған медициналық қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін жақсарту бағытында өрбіді.

Алматы қаласының сайлауалды штабының басшысы Станислав Канкуров халық санының өсуіне байланысты мегаполисте әлеуметтік сала нысандарындағы жүктеме де біршама артқанын мәлімдеді. Бұл орайда алматылықтар денсаулық сақтау мен білім беру саласындағы қызмет сапасы көңіл көншітпейтінін жеткізді.

«Алматының дамуында әрбір адам, әрбір отбасының мәселесі маңызға ие. «AMANAT» партиясы бюджет қаражатын тиімді игеруде әлеуметтік салаға басымдық береді», – деп атап өтті депутаттыққа кандидаттар.

«Дені саудың – жаны сау» демекші, жиынға қатысқан өзге де үміткерлер денсаулық сақтау саласында қандай іс-шаралар жүзеге асатынын мәлімдеді. Бүгінде Алматыдағы мемлекеттік емханалардың 60 пайыздан астамында жүктеме 1,7 есе артық. Бұл ретте мегаполистегі туу көрсеткіші мен өмір сүру ұзақтығына байланысты қала халқының саны өсіп келеді. Партиялық тізім бойынша қалалық мәслихат депутаттығына кандидаттар Сана Жандай мен Рустам Қайышев 2023 жылға қарай медициналық қызметке жүгінетін тұрғындардың саны ұлғаятынын тілге тиек етті. Болжам бойынша емханаларға қарттар мен балалар жиі баруы мүмкін.

«Мәселені шешу үшін жаңа емханалар салып, жұмыс істеп тұрған емханаларға жөндеу жұмыстарын жүргізу қажет. Жедел жәрдем бригадалары шұғыл келу үшін жедел медициналық көмек қосалқы стансаларының жұмысына ерекше назар аудару қажет. Сонымен қатар, медицина саласында жаңа кадрларды дайындау, дәрігерлердің біліктілігін арттыру да маңызды. Бұл мәселені «AMANAT» партиясы бірінші кезекте қарастыруды көздеп отыр», – деді Сана Жандай.

№3 қалалық емхананың еңбек ұжымы қызметкерлерді қолжетімді ипотекалық баспанамен қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарын айтты. Өйткені, баспанасыз жоқ жастар уақытша тұруға, не кейіннен сатып алу құқығы

мен отбасылық үлгідегі жатақхана салу, бюджеттік қызметкерлерді лайықты жалақымен және әлеуметтік пакетпен қамтамасыз етуді сұрайды.

Медицина қауымымен өткен кездесулерде үміткер, «Жалпы медицина» мамандығы бойынша PhD докторы Әсия Аканова «AMANAT» партиясының Денсаулық сақтау саласын дамыту жөніндегі алдағы жоспарлары туралы айтып берді. Мәселен, бағдарлама тармақтарының бірі «медицинада түбегейлі жақсартуларға қол жеткізу» болып табылады, онда қаржыландыруды ұлғайту және дәрігерлерді кәсіби тәуекелдерден қорғау көзделген. Алдағы жылдары міндетті медициналық сақтандыру жүйесі мен медициналық сақтандыру қорын жетілдіру жоспарлануда, балалар дәрігерлерін қоса алғанда, тар бейінді мамандарды даярлауға арналған гранттар саны артады, барлық медициналық жоғары оқу орындарының өз клиникалары болады. Бағдарлама шеңберінде бюджеттік сала қызметкерлерін қолжетімді ипотекалық тұрғын үймен қамтамасыз ету көзделген.

«AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасына сәйкес, сапалы денсаулық сақтау саласы әрбір тұрғынға қолжетімді болуы шарт. Сонымен қатар, партияның жоспарына сәйкес Денсаулық сақтау жүйесінің қызметкерлері мемлекеттің ерекше қамқорлығына болуы тиіс. Дәрігерлер мен мейірбикелер мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекітіп, жұмыста қолайлы жағдай қалыптастыру қажет. Дәрігерлер кәсіби тәуекелдерден қорғалуы керек, әйтпесе уақыт өте медицина саласына келемін деушілер саны азаяды. Жалпы, денсаулық сақтау саласының қызметкерлері көпшілікке үлгі болып, беделі артып, қоғамның құрметіне ие болуы тиіс», – деді Алматы қаласы мәслихатының депутаттығына кандидат, м.ғ.д., профессор Ғалымжан Тоғызбаев.

Айта кету керек, «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында 78 миллион шаршы метрден астам жаңа тұрғын үй салу жоспарын іске асыруға кепілдік беріледі, бұл 730 мыңнан астам отбасының баспана мәселесін шешеді.

Бұдан бөлек, әлеуметтік тұрғын үй сертификаттарына құқығы бар азаматтар санын көбейту жоспарлануда.

Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының сайлауында партиялық тізімді ұсынған «AMANAT» партиясы сайлау қорының қаражатынан төленді.

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖОЛАУШЫ ЖӘНЕ ЖОЛАҚЫ

Тасымалдаушылар жол төлемінің балама әдістерін қолдануға шақырды



Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте «Оңай» жүйесі, төлем терминалдарының жұмысы және жолақысын төлемейтін жолаушылар туралы айтылды.

«Алматыэлектротранс» ЖШС пайдалану жөніндегі директордың орынбасары Абылайхан Омархан мен бақылау-тексеру қызметінің басшысы Олжас Қабиев қатысқан брифингте спикерлер алматылықтарға қоғамдық көлікте төлем жасаудың балама жолдары туралы еске салды. Айтуларынша, бұл шаралар бірінші кезекте азаматтарға ыңғайлы болу үшін енгізілген, сонымен қатар билетсіз жүру фактілерін азайтуға мүмкіндік береді.

Бүгінде Алматыда қоғамдық көлікпен жүру ақысын төлеудің бірнеше түрі бар:

1. ONAY көлік картасының көмегімен жол ақысын төлеу;

2. ONAY мобильді қосымшасын виртуалды картамен пайдалана отырып, тіркеу терминалындағы QR кодын сканерлеу арқылы немесе мобильді қосымшада тіркеу терминалында көрсетілген 6 сандық көлік кодын енгізу арқылы, SQR кодын сканерлеу немесе мобильді қосымшада қоғамдық көлікте көрсетілген 7 таңбалы сандық кодты енгізу арқылы;

3. SMS-төлем;

4. Beeline абоненттері мобильді телефонда *9909# немесе *202# командасын теру арқылы USSD-кодты пайдалануға болады;

5. Жолақы көлік жүргізушісіне қолма-қол төлем жасау арқылы да жүзеге асады. Мұндай жағдайда жолаушы жол жүру ақысына – 150 теңге төлейді. Одан кейін жүргізуші жолаушыға ONAY-дың қағаз билетін береді.

Жолақысын төлеуден жалтару мәселесіне келсек, «Алматыэлектротранс» тасымалдаушысының мәліметі бойынша, қалалық бағыттарда жолаушылардың шамамен 20%-ы жолақы төлемейді екен. Бұл көрсеткіш осыдан 4 жыл бұрын қалалық бағыттар бойынша 30%-ға жуық болса, қала маңындағы маршруттарда бұл көрсеткіш 70 пайызға жеткен.

«Бұл көрсеткіш компанияның, айталық, көбірек автобустар алуына, қосалқы бөлшектерді сатып алуына кедергі болмақ. Жоспарлау критерийлерінің бірі болып саналатын жолаушылар ағынын дәл анықтауға мүмкіндік бермейді. Бұл барлық процестерге әсер етеді. Яғни төлемнен жалтару арқылы мұндай жолаушылар бірінші кезекте өздеріне және басқа да осыған ұқсас жолаушыларға зиян келтіреді. Көпке топырақ шашудан аулақпыз. Жолаушылардың арасында тегін жүруге болмайтынын, жолдың ақысын жеуге болмайтынын түсінетін азаматтар баршылық. Мәселен, жедел желі телефонна төлем жасамаған жолаушылардың суреттері жиі түседі», – дейді директордың орынбасары А.Омархан.

Қазіргі уақытта билетсіз жол жүргені үшін салынатын айыппұл мөлшері – 2 АЕК. Билетсіз жүретін жолаушыларды күнделікті бақылау және тексеру жұмыстарын 50 маман жүргізеді. Олардың міндеттеріне жолаушылардың төлем жасау фактілерін тексеру, сондай-ақ қолданыстағы төлем түрлерін түсіндіру кіреді.

Сонымен қатар, билет тексеруші маман жолаушы тарапынан тасымалдау ережелерін бұзу фактілері орын алса, оны түсіріп кетуге құқылы.

№20 сайлау округі бойынша Алматы қалалық мәслихатының депутаттығына кандидат

Әділжан Баймолдаұлы ҚЫСТАУБАЙ

ҰСТАЗДЫҚТАН – ДЕПУТАТТЫҚҚА



Әділжан Қыстаубай – ұзақ жыл ұстаздық етіп, талай балаға қамқор әке, жанашыр аға болып келе жатқан азамат. Ол өзінің еңбек жолын Алматыдағы мамандандырылған «Жанұя» кешенінде бастады. Педагог күні бүгінге дейін балаларды еңбекке баулып, олардың өмірден өз орнын табуына барын салып келеді. Келешек ұрпақтың болашағына бей-жай қарай алмайтын, ұлттық құндылықтары алғашқы орынға қоятын Әділжан Баймолдаұлы 19 наурызда өтетін мәслихат сайлауына кандидат ретінде Түркісіб ауданынан бірмандатты сайлау округі бойынша өзін-өзі ұсынып отыр.

Ә.Қыстаубайдың сайлауға өзін-өзі ұсынуында негізгі ұстанымы – ұлттық тәрбиені күшейту, ұстаздардың мәртебесінің биіктеуіне ықпал ету, қазақ тілін өркендету, жемқорлықты түбірімен жоюға күш салу. «Жаңа Қазақстанды дамыған елге айналдырамыз десек, дәл қазір сөзден іске көшетін уақыт жетті. Еліміздің болашағы – жастар. Өскелең ұрпақты білім мен ғылымға бет бұрғызып, қазақ тілін білуге міндеттеуіміз керек деп ойлаймын. Өйткені, «балалар қай тілде білім алса, сол елге қызмет етеді» деген сөзді есімізден шығармағанымыз жөн. Кезінде ата-бабаларымыз жерімізді сақтап қалуға бар күшін салды. Кең байтақ жеріміздің жатқа сатылмауын қолдаушылардың біріміз. Дегенмен, қазіргі өзекті мәселе – тіл. Қазақ елінде тұратын әрбір азамат ұлтына қарамастан қазақ тілін білуге міндетті. Әсіресе, мектеп балалары қазақ тілін жетік білуі керек. Сондай-ақ, аралас мектептерді жауып, қазақтілді мектептерді көбейтсек деймін. Қазақстанда кәсібін істеп, наным тауып жүрген әр азамат қазақтың тіліне құрметпен қарауы керек», – дейді Әділжан Баймолдаұлы.

Мәслихат сайлауына үміткерді толғандыратын тағы бір өзекті мәселе – жастардың жұмыспен, үймен қамтылуы. Ол қазақтың әр баласы өз елінде білім алып, жұмыс істеп, баспанамен қамтамасыз етілуіне құқылы деп санайды.

«Өзім көп жылдан бері жарымжасан балалармен жұмыс істегендіктен, олардың басындағы жағдайды жан-жүрегіммен сезінемін. «Жанұя» кешенінде білім алатын мұғдеке балалардың біразынан ата-анасы сәби кездерінде бас тартқан, біразы өз үйлерінен келіп оқиды. Олар да қоғамға пайдасын тигізіп жұмыс істегісі келеді. Міне, осындай балалар толықтай жұмыспен, баспанамен қамтылса, бұл үлкен жетістік болар еді. Мүгедектігі бар балаларды өсіріп-жеткізу де, оқыту да оңай емес екенін менің әріптестерім жақсы біледі. Сондықтан мамандандырылған мектептерде жұмыс істейтін қызметкерлер мен ұстаздардың еңбегі дұрыс бааланса екен деген тілегім бар. Зейнет жасына 5 жылдай қалған кезде мұғалімдерді аттестациялық тестілеуден босату керек деп ойлаймын», – дейді ол.

Қазақтың әйгілі жазушысы Мұхтар Әуезовтің «Қай істің болмасын өнуіне үш шарт бар: ең әуелі ниет керек, одан соң күш керек, содан кейін тәртіп керек» деген сөзі бар. Әділжан Қыстаубай мырза қай істі қолға алса да, осы үш шартты мықтап ұстанады.

Әділжан Қыстаубай – 1962 жылы 30 наурызда Талдықорған облысы Бөрлі-төбе ауданы, қазіргі Сарканд ауданы, Сары құрақ разьезінде дүниеге келген. Бүгінде ол Алматы қаласының Түркісіб ауданында тұрады. Ол депутаттыққа өтсе, өз ауданының да су, жол, инфрақұрылым мәселелерінің шешілуіне үлесін қоспақ. Әділжан Баймолдаұлы жары екеуі қос ұл өсіріп, немере бағып отырған бақытты отбасы. Ұлағатты ұстаз «Жанұя» кешенінің тәрбиеленушісі Диас Сердалиевті мектепті тәмамдаған соң өз қамқорлығына алған. Бүгінде Диас 30 жасқа толды. Әділжан ағаның ендігі арманы – Диасын үйлендіріп, немере сую.

Республикалық бюджет қаражатынан төленді. Тапсырыс беруші: Ә.Б.Қыстаубай.



ӘКІМ



МЕДЕУ: НӘТИЖЕЛІ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев



(Басы 1-бетте)

«Ата-бабаларымыз айтып кеткендей, көктемнің бір күні – қыстың жүз күнімен тең. Сондықтан мен сіздерді көктемнің келуімен құттықтаймын және сіздерге, жақындарыңызға көптеген шуақты әрі қуанышты күндер тілеймін», – деп баяндаманың алдында шаһар басшысы алматылықтарды құттықтады.

4 ЖАҢА СУ КӨЗІ САЛЫНАДЫ

2022 жылдың қорытындысы бойынша Медеу ауданында әлеуметтік-экономикалық дамудың оң көрсеткіштеріне қол жеткізілді. Мәселен, бөлшек сауда көлемі 2 есе өсіп, 1,1 трлн теңгені құрады.

237 млрд теңге инвестиция тартылып, 19%-ға өсті. Жоғары инвестициялық және іскерлік белсенділік 7,5 мыңнан астам жұмыс орнын құруға және салық түсімдерін 42%-ға арттыруға мүмкіндік берді.

2014 жылы Медеу ауданына Алматы облысы Талғар ауданының аумағы қосылған болатын. Бұрынғы ауылдар қазір қаланың шағынаудандарына айналды. Осы шағынаудандардың тұрғындарын сапалы сумен және канализациямен қамту – өзекті мәселенің бірі.

Өткен жылы 5,4 шақырым сумен қамту және кәріз желісі салынып, реконструкцияланды. Биыл осы саладағы жұмыстар көлемі едәуір ұлғайып, 64,7 шақырым су құбыры және кәріз желісін салу жоспарланған. Нәтижесінде осы

жылдың соңына дейін «Көлсай», «Кеңсай», «Сұлусай», «Компот», «Мұзтау» шағынаудандарының және Халиулин көшесінің, яғни ауданның 19 мыңнан астам тұрғыны сапалы сумен және канализациямен қамтылады. Бұдан басқа, «Думан» шағынауданында 14 шақырым су құбыры мен кәріз желісін салуға жобалау-сметалық құжаттама әзірленуде.

Өткен жылдың тамызы айында «Каменское плато» шағынауданындағы скважиналардың су деңгейі өлшенді. Нәтижесінде скважина дебетінің 2,5 есе төмендегені анықталды. Осы проблеманы шешу үшін қала әкімінің тапсырмасымен 4 жаңа су көзін салу және «Балқаш» резервуарлары мен сорғы станциясын толық реконструкция-

лау жобасы әзірленіп жатыр. Бұл жоба «Каменское плато», «Көлсай», «Мұзтау» және «Юбилейный» шағынаудандарын тұрақты сумен қамтуға мүмкіндік береді. Айтылған жобаға 3 млрд 568 млн теңге мөлшерінде қаражат бөлінді. Тиісті жұмыстар осы жылдың сәуірі айында басталып, жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарланған.

Айта кеткен жөн, бұл жұмыстар аяқталғанға дейін «Алматы Су» мен аудан әкімдігі айтылған шағынаудандардың тұрғындарын қосымша тасымалды сумен қамтамасыз ететін болады.

225 ЖАҢА АВТОБУС

Ауданның жол және көлік инфрақұрылымын жетілдіру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Жалпы, Медеу ауданында 2022 жылы 27 шақырымнан астам жолға орташа жөндеу, сондай-ақ 32,5 мың шаршы метр жолға ағымдағы жөндеу жүргізілді және 18 шақырымнан астам тротуар жайластырылды.

Осы жылы 32 шақырым болатын 37 көшені орташа жөндеу, сондай-ақ 50 мың шаршы метр жолды ағымдағы жөндеу және 16 көшеде 18,5 шақырым тротуар салу жоспарланған.

Медеу ауданында қоғамдық көлік жұмысының сапасын жақсарту үшін 2022 жылы қалалық тасымалдаушылар 225 жаңа автобус сатып алды. Осылайша 20 маршруттағы автобустар жаңартылып, 1 жаңа маршрут іске қосылды. Биыл 8 маршрутта 126 автобус жаңартылуы қажет. Жаңа автобустардың сатып алынуына қарай жұмыс жыл соңына дейін жоспарлы түрде жүргізіледі.

Медеу ауданында халық тығыз қоныстанған, жол қозғалысы қарқынды. Сондықтан әкімдік қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөледі. Тәжірибе көрсеткендей, аудандағы қылмыстардың 80%-ы бейнебақылау камераларының көмегімен ашылғандықтан, 2022 жылы адамдар көп жиналатын орындарда жаңа 355 бейнебақылау камерасы орнатылды. Биыл Алматыда 6000-нан астам бейнебақылау камерасын орнату, оның 750-ін Медеу ауданына қою жоспарланған.

ЖАҢА ЕМХАНАЛАР

Осы жылдың қантар айында «Кеңсай» шағынауданында ауысымына 200 адам қабылдайтын 1 отбасылық-дәрігерлік амбулатория және «Көлсай» мен «Сұлусай» шағынаудандарында 2 фельд-

СҰРАҚ-ЖАУАП



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қалыптасқан дәстүр бойынша өз баяндамасынан кейін Медеу ауданы тұрғындарының сұрақтарына жауап берді.

Алғашқы сұрақ қойған тұрғын үйлерінің апаттық жағдайда тұрғанын айтты.

– Мен Медеу ауданының тұрғынымын. Апаттық жағдайда тұрған Абдуллин көшесіндегі 48-үй туралы сұрайын дегенмін. Ол 1937 жылы салынған. Осы 50 жылда үйіміз күрделі жөндеуден өткен жоқ. Қазіргі жағдайы – апаттық. Соған не істей аламыз? – деді тұрғын.

– Осы жылы қалалық реновация бағдарламасын дайындап жатырмыз. Енді арнайы Абдуллин көшесін қарайық. Алдында ӘКК-ға (әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар) осындай үйлер үшін инвесторлар қарасын деп тапсырма бергенмін. Енді инвесторлар табылса, қарашада арнайы ақша бөлгенбіз, сол бойынша қарап кө-

реміз. Абдуллин көшесіндегі 48-үйді бақылауға аламыз, – деді қала әкімі.

– «Компот» шағынауданының тұрғыны осы аймақта кәріз жүйесі жоқ екенін айтып шағымданды.

– Біз С.Нұрмағамбетов көшесі, Шығыс айналма жолының арғы бетінде тұрамыз. Жалпы, «Компот» шағынауданында орталық кәріз жүйесі жоқ. Сол мәселені көтеріп тұрмын.

Бұл сұраққа Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасының басшысы Санжар Алин жауап берді.

– С.Нұрмағамбетов көшесінде қазіргі таңда мердігер ұйымды анықтау үшін байқау жүріп жатыр. Бұл байқауды наурыз айының соңына дейін бітіреміз деп жоспарлап отырмыз. Құрылыс жұмыстары сәуір айында басталады, – деді басқарма басшысы.

Келесі кезекте сұрақ қойған «Алатау» шағынауданының тұрғыны «Сыған» өзені бойын абаттандыруды өтінді.

ШЕШІЛМЕЙТІН МӘСЕЛЕ ЖОҚ

– «Алатау» шағынауданы тұрғындары атынан келіп отырмын. Бізде табиғи жолмен халық арасында «Сыған өзені» атанған өзен ағып тұр. Сол өзеннің бойына реконструкция жасап, абаттандырып берсеңіздер. Сондай-ақ, өзен бойында тұрғындар өздері жасаған екі көпір бар. Оларды жыл сайын күз-көктемде су ағызып әкетеді. Соған көмек берсеңіздер, – деді қала тұрғыны.

– «Сыған» өзені Алматы облысы Талғар ауданына қарайды. Алматы қаласының әкімшілігіне қарамайды, сондықтан оған ақша бөле алмаймын. Бірақ өтінішіңізді Алматы облысының әкіміне жолдайын. Өзен ұзындығы 15 шақырымдай ғой. Оны дұрыстау үшін қаражат керек. Сондықтан облыс әкімдігімен бірге қарап көрейік. Наурыз айының соңында агломерация кеңесі болады, сол кезде сіздердің сұрақтарыңызды айтамын. Көктем-күзде көпірге байланысты сұрақтарыңызды көтеремін, – деді Е.Досаев.

Өз кезегімен сұрақ қойған тағы бір тұрғын Тянь-Шянь көшесінде кәріз желісінің болмауына шағымданды.

– Мен Тянь-Шянь көшесі, 17Б үйінің тұрғынымын. Біз Кіші Алматы өзенінің жағасында орналасқанбыз. Өзен жағасы өте жақсы жөнделді. Жарықтандыру және басқа жұмыстарға ризамыз. Бірақ бір мәселе туындап тұр, ол – кәріз құбырына байланысты. Біздің Тянь-Шянь көшесіндегі үйде 30 тұрғын бар. Бірақ кәріз желісі жоқ. «Ұлы сөздің ұяттығы жоқ» демекші, түнде

адамдар шелекке қажеттілігін өтеп, өзенге төгіп жатыр. Медеу ауданының әкімдігі бұл жерді 2023 жылы балансқа алып, 2024 жылы жасап береміз дейді. Бірақ бұл уақыт күттірмейтін мәселе, – деп шағымданды тұрғын.

– Медеу ауданы әкімшілігінің айтқандары дұрыс. Бірінші ол аймақты өз балансымызға алайық. Сосын жобасын жасап, ақша бөлеміз, – деді шаһар басшысы.

Медеу ауданының Гүлнәр есімді тұрғыны әлі күнге шешімі табылмаған сұрақтарын айтып, шағымданды.

– Біз тұрып жатқан Максимова көшесінде арық, жол, жарық және қоқыс салатын жәшік болса. Сондай-ақ, балаларды осы мектепке таситын автобус болса...

– Сіз атап кеткен мәселелер жоспарда бар. Қоқысты шығару туралы мердігер компанияға қосымша тапсырма бердік. Ол біздің бақылауымызда. Көктемде өзім келіп, осы наурыз айының аяғына дейін сұрақтарыңыз бойынша ақпараттармен бөлісемін, – деді Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин.

Ауданның келесі тұрғыны көшелерде жаяу жүргіншілер жолының жоқтығын айтты.

– Төменге түсетін жол жоқ. Бәріміз Абай даңғылына дейін тайғанақтап барамыз. Көшемізде шам да жоқ. Өзеннің жиегін жасады, жол әлі жоқ. Кеше ғана Экология басқармасына хабарластым, олар бізге әлі сұраныс келіп түспеді дейді.

– Былай болсын, сәуір айында әр ауданға ақша аударамыз. Содан

кейін аудан әкімдігіне бұл мәселелерді шешу оңайырақ болады. Айтылған мәселенің барлығы Экология басқармасына кірмейді. Тек арық жүйелері ғана жатады. Ал қалған мәселені аудан әкімдігі ретке келтіреді. Кездесудің хаттамасына сізді жазып қоятын боламыз. Рахмет сұрағыңызға! – деді қала әкімі.

Сұрақ қойған кезекті тұрғын Шығыс айналма жолындағы көліктердің өз көшелеріне кіріп, тұрғындардың мазасын алатынын айтып, бұдан тиісті қорытынды шығаруды өтінді.

– «Думан» ықшамауданынан келіп отырмын. Аудан әкімдігінің жұмысына ризамыз. Былтыр кәріз жүйесін түгелдей жаңалап берді. Мен Қызылжар көшесінде тұрамын. Жол салынғалы бері Шығыс айналма жолы арқылы жүретін машиналар біздің үйдің қасынан өтеді. Ол жолға бір-ақ машина сияды. Өткенде Еркебұлан (Медеу ауданының әкімі – ред.) бауырымыздың қабылдауында болдым, осы мәселенің барлығын айтып түсіндірген едім. Бұл кісілер Алматы қаласы мобильділік басқармасына жіберген екен. Ол кісілер біз жаққа келмей, ешқандай жолды көрместен, бізге жауап хат жазыпты. Барлық геометриялық белгілер бойынша сай келеді депті. Бір машина сыймайтын жерге екі көлік қалай жүре алады? Арғы жақтан бір көлік келсе, бергі жақтан бір көлік келіп кептеліс тудырады. Үйдің маңында болғанын, балаларымызды емін-еркін қыдырта алмай жатырмыз, – деді тұрғын.



ЖҰМЫС КӨП

аудан тұрғындарымен кездесті

шерлік-амбулаториялық пункт ашылды. Бұл 15 мыңнан астам тұрғынды медициналық қызметпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

«Алатау» шағынауданының шалғай орналасуына және ауруханаға тіркелген халық санына (10 мыңнан астам) байланысты 2022 жылдың желтоқсан айында әкімдік Алатау қалалық ауруханасына жаңа компьютерлік томографы бар медициналық модуль орнатып берді. Бұл шағынауданың тұрғындарына диагностикалық зерттеулердің ауқымды түрлерін сапалы әрі жақын жерден алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, биыл №48 мектеп жаңартылып, оған 250 орынды қосымша корпус салынады және №131 мектеп күрделі жөндеуден өтіп, сейсмикалық жағынан күшейтіледі. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Құлжа күре жолының оңтүстігіне қарай «Шығыс қақпасы» жаңа полицентрдың аумағында 2000 орынды жаңа мектеп салынады. Құрылыс жұмыстарын бастау биыл 4-тоқсанға жоспарланған. Жеке инвестордың қаражаты есебінен «Думан» шағынауданында 1200 орынды мектеп салу жоспарланған. Құрылыс-монтаждау жұмыстары келесі жылы басталады.

2022 жылы әкімдік 3 балабақшада (№114, 116, 141) сейсмикалық күшейту жұмыстарымен бірге күрделі жөндеу жүргізді. Осы жылы 2 балабақшада – «Әйгерім» және №112 балабақшаларда күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған. Оған қоса, ұзақ мерзімге жалға берілген «Әйгерім» балабақшасының ғимараты әкімдікке қайтарылды. Қазір балабақшаның жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр, аяқталу мерзімі 2023 жыл-



дың мамыр айына жоспарланған. №112 балабақша бойынша сараптама қорытындысы алынды. Құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың мамыр айында басталады.

Сондай-ақ, биыл «Алатау» шағынауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін ашу жоспарланған. Бұл кешен өткен жылдың қазан айында пайдалануға берілуі керек еді, алайда жобадағы өзгерістерге байланысты мерзімдер ұзартылған. Қазіргі уақытта жұмыстар 90%-ға аяқталды.

30 ЖОБА ЖОСПАРЛАНҒАН

Медеу ауданында жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыру бойынша жұмыстар жалғасып жатыр.

Өткен жылы Оқушылар сарайының жанындағы скверді абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары аяқталды. Қазір мемлекеттік музейдің жанындағы скверді реконструкциялау жұмыстары жалғасуда. Құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың сәуір айының соңына дейін аяқталады.

2022 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында 19 жоба іске асырылды және 20 аула мен Кіші Алматы өзенінің жағалауы абаттандырылды.

Биыл осы бағдарлама бойынша 30 жоба, оның ішінде аула аумақтарын жөндеу, қоғамдық орындарды абаттандыру және қазып орнатылатын контейнерлерді салу жобалары іске асырылады.

– Өткен аптада келдіңіз, заң бойынша бұл сұрақ біздің құзыретімізге кірмейді. Келесі аптада Алматы қаласы мобильділік басқармасының өкілімен бірге барамыз, бұл мәселені көріп қайтамыз. Расымен-ақ, бұл кісінің айтып отырғаны орынды, үйден шыға алмай жатқанын естідік, – деді Е.Оразалин.

Бұл мәселе бойынша Алматы қаласы мобильділік басқармасының басшысы Сағындық Телібаев та өз пікірін білдірді.

– Ерболат Асқарбекұлы, бұл сұрақты мұқият зерделеп, қарастырамыз. Бұл жерде тағы бір сұрақ туындайды, бір бағытта жол жасалғанда ол көшенің екі жағында да халық тұрады. Кейбір тұрғындар келісім берсе, кейбірі келіспеуі де мүмкін ғой, – деді ол.

– Келесі жетіде геометриясымен мұқият танысып шығыңыздар. Керек болса, жергілікті тұрғындарды жинап, шешіңіздер. Кептеліс болатын уақытта қарап көріңіздер. Шын мәнінде қалай екенін байқайсыздар. Содан кейін ғана шешім қабылдаймыз, – деді қала әкімі.

Тұрғындар ауызсу мәселелері әлі шешімін таппай жатқанын айтып шағымданды.

– «Думан» ықшамауданында 7 жылға жуық «Зидан» компаниясы жұмыс істеді. Олар кәріз және су желісін тартты. Бірақ солардың барлығын толықтай «Алматы Суға» өткізіп бермей кетті. Кейбір шлангымен тартқан жерлерде су мүлдем жоқ. Тәуелсіздік көшесінде 80-нен астам үй бар. Өткенде бізде құбыр жарылып, бір күндей сусыз отырдық. «Жиренше» көшесінің шығыс бөлігінде 20 шақты үй бар. Ешқандай канализация тартылмаған. Осының барлығына

кім жауап береді? – деді қала тұрғыны.

– Сіз айтқан Тәуелсіздік көшесіндегі 80-үйдің мәселесін қарастырайық. Компания барлық мәселені өз мойнына көтеріп, «Алматы Суға» тапсыратын болады. Бірақ мен «Думан» ықшамауданына өзім де барғанмын. Жағдай жаман емес, жол, жарықпен ақырындап қамтылуда. Сол себептен, барлығы нашар деп айта алмаймын, – деді қала әкімі.

Аудан тұрғындары балалардың қауіпсіздігіне байланысты жол белгілерін қоюды талап етті.

– Ата-аналар және мұғалімдердің атынан бір өтінішіміз бар. Балаларымыз Шоқан Уәлиханов атындағы №12 гимназияда оқиды. Оқу орны Бөгенбай және Төле би көшелерінің қиылысында орналасқан. Бұл жерде нақты шартты белгілер көрсетілмеген. Көлік жүргізушілері жаяу жүргіншілерге жол бермейді. Себебі, жол белгілері қойылмаған. Мектептің маңындағы көшелерге белгілер қойылса деген талап, тілегіміз бар, – деді аудан тұрғыны.

– Бірінші сұрағыңызға орай – жол белгілерін қоюға тапсырма беремін. Шоқан Уәлиханов атындағы гимназияның жоғары мен төмен жағына жол белгілерін қойдыртатын боламыз. Ал жылдамдықты азайту мәселесін қарастыру керек. Себебі, әр 200, 300 метрде мектептер салынған. Әрқайсысының маңында жылдамдық азайту туралы белгілерін қоямыз деп айта алмаймыз. Жол белгілерін қоюды 1-2 жетінің айналасында шешу туралы тапсырма береміз, – деді шаһар басшысы.

– Мен «Атырау» ықшамауданынан келіп отырмын. Бізде жаңадан салынған «Қайрат», «Аты-

рау» ықшамаудандары бар. Рысқұлов көшесінен өтетін көпір керек. Бұл – халықтың сұрауы. Тәңіртен немеремді шығарып салу үшін 750–800 метр жол жүремін. Былай бару үшін 1,5 шақырым жүру керек. «Қайрат» пен «Айша бибі» арасы 3 шақырым. Осы ретте аудан тұрғындарына жайлы болуы үшін көпір салып берсеңіздер, – деді тұрғындар атынан сөз алған ақсақал.

– Мен Алматы қаласы мобильділік басқарма басшысына тапсырма беремін, сол жерді қарап, не бар, не жоқ екендігін зерделесін. Сіздің айтып отырғаныңыз жаңа жоба секілді. Аудан әкімі, басқарма басшылары бірге қарап шықсын, ұсыныстарын айтсын, шешімлейтін мәселе жоқ, – деді қала әкімі.

Р.С. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың Медеу ауданы тұрғындарымен кездесуі 3 сағатқа созылды. Шаһар басшысы өз баяндамасынан кейін сұрақ-жауап сессиясына көшті. Медеу ауданының тұрғындары қалалық ортаны абаттандыру, кәріз желісін жүргізу, жол және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, қоғамдық көлік жұмысын реттеу сынды мәселелерді көтерді.

Айта кеткен жөн, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді.

Әзірлегендер
Досбол АТАЖАН,
Ақтоқлы ТҮРЛЫҒАЗЫ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ

Мерзімді әскери қызметке көктемгі шақыру басталды. 1 шілдеге дейін Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың қатарын әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе одан босатуға негіздері жоқ, 18 бен 27 жас аралығындағы 18 мыңнан астам ер-азамат толықтырады.

Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ҚР Қарулы Күштері Бас штабы Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаментінің басшысы Бауыржан Артықов хабарлады. Жалпы, Қарулы Күштерге 7 мыңнан астам, Ұлттық ұланға 6 мыңнан астам, ҰҚК Шекара қызметіне 3 мыңнан астам, ТЖ министрлігіне 300-ден астам, Мемлекеттік күзет қызметіне 80-нен астам адам шақырылуға жатады. «Әскери қызмет әрбір ер-азаматтың заңмен белгіленген міндеті, ал оны өткеруден жалтару қылмыстық және әкімшілік жауаптылықты көздейді. Көп жағдайда, азаматтар әскерге шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босату мәселесін шешу үшін әскерге шақыру комиссиясына еш қатысы жоқ, осы мәселені шешуге құзыретті емес алаяқтарға жүгінеді. Сондықтан ақша талап ету, туындаған мәселені шешуді ұзаққа созу және басқа да сыбайлас жемқорлық көрінісі бар барлық жағдай бойынша жедел шара қабылдау және туындаған жағдай бойынша кеңес алу үшін Қорғаныс министрлігі мен құқық қорғау органдарының сенім телефондарына хабарласу қажет», – деді спикер. Ол азаматтарды мерзімді қызметке әскерге шақыруды жүргізу жұмыстары барынша ашық форматта жүргізілетінін атап өтті. Яғни әрбір адам қажетті ақпаратты алу үшін жүгіне алады және сұрақтарына толық жауап беріледі. Ол үшін әрбір Қорғаныс істері департаментінде «Қарулы Күштер – Адалдық алаңы» атты жобалық кеңсе жұмыс істейді, әлеуметтік желіде электрондық пошталар мен ресми аккаунттар ашылған.

МИНИСТРЛІК

Қорғаныс министрлігі пилоттық режимде проактивті форматта әскерге шақыруды кейінге қалдыруды ұсынады. Жаңа жоба мемлекеттік органдармен және Цифрлық даму және әзгөзарыш өнеркәсібінің «SmartDataUkimet» ақпараттық-талдау жүйесімен өзара іс-қимыл жасауды ұйымдастырудың арқасында мүмкін болды.

Бұл туралы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында ҚР Қорғаныс министрлігінің орынбасары Дархан Ахмедиев мәлімдеді. Егер бұрын азаматтар әскери комиссариаттарға барып, әскерге шақыруды кейінге қалдыруға құқылы екенін дәлелдеу қажет болса, биылдан бастап мемлекеттік органдардың дерекқорларын «SmartDataUkimet»-пен интеграциялау арқылы азаматтарды мерзімді қызметтен автоматты түрде босатуға мүмкіндік бар», – деді спикер. Оның айтуынша, алынған мәліметтер негізінде «SmartDataUkimet» сегменттеуді жүргізеді және білім беру ұйымдарында жалпы орта білім алып жүрген азаматтарды; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім алып жүрген азаматтарды; некеде тұрған және бір және одан да көп баласы бар азаматтарды; мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында, орта (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында кәсіптік қызметін жүзеге асыратын педагогтарды автоматты түрде алып тастай отырып, потенциалды әскерге шақырылушылардың тізімін жасайды. «Студенттер бүгіннен бастап автоматты режимде әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға негіз бар екендігі туралы смс-хабарлама алады. Олар бұған келісуі де, келіспеуі мүмкін», – деді спикер. Қазіргі уақытта заңды түрде әскери қызметкер шақыруды кейінге қалдыру құқығы бар 300 мыңнан астам студент анықталды.

«КРЕДИТТІК ДЕМАЛЫС»

Мемлекет басшысы қойған міндеттерді іске асыру аясында Қорғаныс министрлігі мерзімді әскери қызмет өткерудің тартымдылығын арттыру бойынша бірқатар шараны іске асырды. Орталық коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында ҚР Қорғаныс министрлігінің орынбасары Дархан Ахмедиев олардың негізгілеріне тоқталды.

Ең алдымен, бұл мерзімді әскери қызмет сарбаздары қызмет өткергеннен кейін 2 жыл ішінде ЖОО-ға ҰБТ-сыз, конкурссыз оқуға түсу мүмкіндігі. «Бытыр Қорғаныс министрлігі жоғары оқу орындарының біріктірілген бірқатар кездесулер өткізді. Мерзімді қызметтегі сарбаздар үшін 3 мың грант беретін еліміздің 41 ЖОО-мен меморандумдар жасалды. Әскери борышын өтеу кезінде үздік нәтиже көрсеткендер жоғары оқу орындарына тегін түсу мүмкіндігіне ие болады», – деді қорғаныс вице-министрі. Сондай-ақ, әскери кафедраларға конкурстан тыс түсу мүмкіндігі беріледі. «Мерзімді әскери қызмет сарбаздарына тұтынушылық несиелерді, шағын қарыздарды төлеу бойынша төлемдерді 13 айға кейінге қалдыру мүмкіндігі беріледі: 12 ай әскерде болу мерзімі және сарбаз жұмысқа орналасып, несиелері бойынша төлемді жалғастыра алуына 1 ай. Бүгінгі таңда 3,5 мың әскери қызметші осы «кредиттік демалыс» мүмкіндігін пайдаланды, 5 мыңға жуық несие бойынша төлемдер кейінге қалдырылды», – деді спикер.

МҮЛІК ИЕЛЕРІ БІРЛЕСТІГІ

Astana Hub алаңында «МИБ тіркеу және дауыс беру» жаңа онлайн қызмет түрі таныстырылды, деп хабарлады ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі.

Елімізде мүлік иелерінің бірлестігін смартфондағы батырманы басу арқылы тіркеуге болады. Бұл үшін қосымшаның көмегімен қажетті өтінішті онлайн түрде тапсыру керек. Тұрғын үй иелері мен жалға алушылар цифрлық ID жүйесі мен электрондық цифрлық қолтаңба арқылы анықталады. Нәтижесінде МИБ тіркеліп, оның төрағасын сайлау жөніндегі қорытынды мәлімет бірнеше күнде смартфонға жіберіледі.

«Осы іс-шара МИБ-ті құру кезеңдерін цифрландыруға арналған қосымша жайлы ақпаратты халыққа жеткізуге бағытталған. Дауыс беруден бөлек бұл платформада тұрғын үйдің басқа да мәселелерін шешуге септесетін қызметтер де бар. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі аталған бастаманы қолдайды. Өйткені, мұндай ақпараттық жүйелер мемлекеттік деректер базасымен интеграцияланып, тиісті рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді», – деді ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министрі Динара Щеглова.



РЕПОРТАЖ



Алматы қалалық Төтенше жағдайлар департаменті Дүниежүзілік Азаматтық қорғаныс күніне орай, «Тәуекелдерді бағалаудағы ақпараттық технологиялардың рөлі» атты ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы аясында Түркиядағы зілзала салдарын жоюға қатысқан қазақстандық өрт сөндіру және құтқару техникаларының, өрт сөндірушілердің жабдықтары мен арнайы киімдерінің, кинологиялық қызметтің көрмесін өткізді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Қаныш Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің алаңында ұйымдастырылған шараға қалалық өрт сөндіру мекемелерінің қызметкерлері толық құраммен, сонымен бірге Қазақстанның Қызыл Жарты Айы мекемесінің өкілдері, жоғары оқу орнының студенттері қатысты. Мамандар көрмеге келгендерді өздерінің жауапты да қауіпті қызметінің сипатымен және қолданыстағы керек-жарақтары мен арнайы техникаларының қыр-сырымен таныстырды. Төтеншеліктер оқу ордасының қызметкерлері мен студенттеріне апатты жағдай орын алған кезде қауіпсіздік қағидаларын сақтау ережелерін түсіндірді. Сонымен қатар, ТЖД қызметкерлері 9 балға дейінгі жер сілкінісін болжайтын құрылғыны таныстырды. Бұған қоса, жер сілкініс кезінде қолданатын қарапайым 10 қадам, қажетті заттар салатын шабадан, азық-түлік салынған қол сөмке, «Дәрмен» мобильді қосымшасының жұмыс істеу принциптері, қауіпсіз жерге ауыстыру шаралары жайлы баяндады.

– Біз осындай оқу-жаттығуларды жыл сайын өткізіп отырамыз. Әлемдік Қорғаныс күніне орай, ТЖД мен Сәтбаев университетімен бірлесіп, оқытушылар мен студенттерге жер сілкініс кезінде қандай іс-әрекет жасау керек екенін түсіндіру мақсатында бірнеше жаттығу жасап көрсеттік. Біздің мақсатымыз қандай да бір төтенше жағдай орын алған кезде әрбір азаматқа қалай сақтану керекін үйрету болғандықтан, нендей дайындық жасау керек екенін түсіндіріп жатырмыз. Кезекті ақпараттық түсіндіру жұмысына бес мыңнан астам адам қатысты. Біздің бөлімнің жеке құрамы да толығымен қатысты. Жалпы, көктемнің алғашқы күнінде әлем бойынша дабыл қағылды. Оны естіген кезде барлық адам сыртқа шығып үлгеруі керек. Мұның өзі әлемдік тәжірибеде бар жаттығу. Сондықтан аталмыш жаттығуға белсене қатысқан қала тұрғындарына алғысымыз шексіз. Сонымен қатар, оқу ордасының үлкен залында қосымша дәріс оқыдық. Онда жер сілкініс кезінде уақытша панаалайтын арнайы орындар туралы ақпараттар айтылды. Мұндай арнайы орындар көбіне мектептің спорт алаңдарына орналасқандықтан, олардың мекенжайы 2 ГИС-тің жүктемесінде көрсетілген. Жер сілкініс кезінде өрт сөндіру қызметінің де маңызы зор. Қазіргі таңда қаламызда 19 өрт

ТӨТЕНШЕ КӨРМЕ

Алматыда апатты жағдайда адамдарды құтқару техникалары мен құрал-жабдықтар таныстырылымы өтті



сөндіру мекемесі бар. Қаланың ұлғаюына байланысты тағы да 4 өрт сөндіру мекемесінің құрылысы салынғалы жатыр, – дейді Бостандық аудандық Төтенше жағдайлар басқармасының басшысы, Азаматтық қорғау подполковнигі Еркебұлан Төлеуғазыұлы.

Көрмеге қойылған салмағы 22 және 28 келі болатын, қолданысы жетілдірілген өрт сөндіргіштер өте ыңғайлы рюкзактар сияқты белдіктері бар, ұнтақты өрт сөндіргіштерге қарағанда әлдеқайда тиімді.

Техника көрсетілімінде сағатына 120 шақырымды жүріп өтетін BMW маркалы өрт мотоциклдері ұсынылды. Олар үлкен техникалар жүре алмайтын күрделі жерлердегі өртті

ауыздықтауға, сондай-ақ жолдағы кептелістерде жылдам қозғалу үшін пайдаланылады.

Сондай-ақ, көрмеде Республикалық жедел құтқару жасағы (РЖҚЖ) мен 109 қызметі мамандарының құрал-жабдықтары мен киімдері, қарда жүруге ыңғайлы мотоциклдері, квадроциклдер таныстырылды.

Бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері иінді өрт сөндіру автокөтергіші арқылы көтеріліп, оның жұмысын көзбен көріп, сезінуге мүмкіндік алды. Адреналин толқынын сезінгісі келетіндерге кейбір адреналинге құмар әріптестерімізге жерасты тербелістерін сезіну үшін жеті балға дейінгі апатты зілзаланы имитациялайтын мобильді жер сілкініс тренажері ұсынылды.

– Бүгін мен жер сілкінісінің қалай болатынын көзбен көріп, жан-дүниеммен түйсінгендей болдым. Бізге мамандар зілзала салдарынан орын алатын төтенше жағдай кезінде өзімізді қалай ұстауымыз керектігі туралы егжей-тегжейлі айтып берді, әңгімелері өте тағылымды болды, – деді сынақ жұмыстарына қатысқан, өзін Әйгерім деп таныстырған университет студенттерінің бірі.

Шара барысында Сейсмология институты мен «I2NİK» жауапкершілігі шектеулі серіктестік бірлесе ұсынған «Дәрмен» мобильді қосымшасымен біріктірілген жер сілкінісі туралы ерте хабарлаудың автоматтандырылған жүйесінің таныстырылымы өтті.

Көрмеге қатысқан еріктілер ұйымының жұмысы туралы әңгімелеп, зілзала кезіндегі «қосымша қауіптерден» сақтану туралы түсіндіріп, жадынамалар таратып, сондай-ақ сәйкестендіру парақшаларын таратты. Бұл парақшаларға адамдар өздерінің жеке деректерін енгізуі керек, мұның өзі төтенше жағдайда құтқарушылардың жұмысын жеңілдететіні айтылды. Сондай-ақ, еріктілер студенттерге апатты жағдайда алғашқы медициналық көмек көрсету жолдарын көрсетті.

Кинологтар қызметі таныстырылған алаңда Азард, Батыс және Чедерн атты қызметтік иттер бұл ерекше көрменің «жұлдыздарына» айналды. Олар көпшіліктің сүйіспеншілігіне бөленді. Көрмеге келушілер адамдарды қауіптен арашалау қызметінде жүрген құтқарушы иттердің әрқайсысын қамқорлыққа бөлеп, олардың төтенше қызметтегі ерен қызметімен, тағдырымен танысты. Мәселен, бес жасар Азард осы жылдар ішінде адамдарға адал қызмет етіп келеді, ол бірнеше рет құтқару операцияларына қатысқан, екі адамның өмірін сақтап қалған екен.

Жалпы, төтеншеліктер өткізген шара тағылымдылығымен есте қалды. Жиналған көпшілік төтенше жағдай кезінде сақтанудың іс-қимылдары мен әрекеттері жайлы пайдалы кеңестер тыңдап, қауіпсіздік ережелеріне қанықты.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



АДАЛ АС

Халқымыздың сонау ықылым заманнан бері ең негізгі тағамы – ет. Жалпы, шығыс халықтары жылқы етін сиыр мен қой етінен қашан да жоғары санаған, тамаққа арнайы өсірілген жылқы тұқымының етін пайдаланған. «Жылқының етін жесең – тісіңе кіреді, жемесең – түсіңе кіреді» деп ата-бабаларымыз тегін айтпаған. Біз бүгінгі тақырыпта халал болған жылқы етінің пайдасы туралы сөз қозғағанды жөн санадық.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

«СІҢБЕГЕН АС БҮЛІНЕР,
АУРУҒА СОДАН ІЛІНЕР»

Біздің ағзамыз ата-бабаларымыздан азық етіп келе жатқан ұлттық тағамдарға ғана дағдыланған. Өзіміз сүйіп жемеген, дағдыланбаған тамақты жесек, ол ауқатымыз бойымызға дұрыс таралмайды, сіңбейді, ал жиіркенетін тағамды жейтін жағдайлар, себептер болып қалса, мұндай ас тамақтан өтпей қалады. Тамаққа деген зауқымыз болмағандықтан, тәбетіміз жойылып, ас батпай, оны әрі қарай ішіп-жеуге көңіл соқпайды. «Сіңбеген ас бүлінер, ауруға содан ілінер» деген ғой Ж.Баласағұн бабамыз.

ҚАЗЫ-ҚАРТА, ЖАЛ-ЖАЯ

Біз бір нәрсені жақсы түсінуіміз керек. Денемізге күш-қуат беретін, бойымызға тез сіңетін, дәмділігі тіл үйретін халқымыздың ғасырлар бойы дастархан мәзірінде болған тағамдарды негізгі тағам ретінде қолданғанда, пайдаланғанда ғана ден-саулығымыз күшейіп, кесел-ауру, сырқаттың ауылы алыстай түседі.

Дегенмен, біздің күнделікті тұтынып жүрген тағамдарымызды басқа ұлттар жемеуі мүмкін. Мәселен, жылқы етінің емдік қасиеті, қымызының түрлі аурудың бетін қайтаратынын, дертке шипа болатынын ғалымдарымыз баяғыда-ақ дәлелдеген. Қазы-қарта, жал-жая әкелініп, қымыз сапырылып жатқан берекелі дастарханға ұлты басқа достарымызды жалынып шақырып дәмнен ауыз тигізе алмаймыз. Тіпті, кейбір діндар қазақ бауырларымыз арабтар жылқы етін жемейді екен, бізге де ондай тағамды татып алуға болмайды деген сияқты сөздерді айтып қалады. Ақпарат беттерінде жылқы малы сонау ықылым заманнан бері адамзат тарихында ең

ЖЫЛҚЫ ЕТІНІҢ ЕМДІК ҚАСИЕТІ

Бүйрек жұмысын жақсарттады, ішкі ағзаның дұрыс жұмыс істеуіне зор ықпал етеді

алғашқы рет Қазақстан жерінде қолға үйретілгені жайлы көп айтылады. Қазақ халқы осыдан 5600 жыл бұрын жылқыны көлік ретінде пайдаланып, ал етін азық еткенін ғалымдар дәлелдеп келеді. Дегенмен, батыс кинофильмдерін қарап отырсақ, олар жабайы мұстангілерді қолға көндіріп, бағындырып жатқан ковбойлардың ерліктерін жырлап тауыса алмайды. Ал біздің бабаларымыз олардан әлдеқайда бұрын ат құлағында ойнаған. Қазіргі қазақтардың ұлттық тағамдары – қымыз, қазы, соғым сою сол сонау ықылым замандардан қалған деген пікір, жорамал айтуда ғалымдарымыз. Түркі халықтарының осындай тарихи ұлттық ерекшеліктеріне байланысты жылқы етін жеу – шарифат бойынша рұқсат етілген.

ҚАРТАЙМАУДЫҢ БАСТЫ ҚАҒИДАСЫ

Жылқының еті мен сүтіндегі пайдасына тоқталар болсақ, жылқы етінің ең басты қасиеті – жүрек, қан-тамыр ауруларына, бүйрек жұмысын жақсартуға, буын сүйектерінің сырқырауына, ішкі ағзаның дұрыс жұмыс жасауына тигізер әсері мол. Ағза жасушаларын жаңартып отыратын қасиеті де дәлелденген. Ал бұл дегеніңіз, қартаймаудың басты қағидасы. Сенсеңіз, ілгеріде жылқы еті жуылған суға қыз-келіншек басын жуған екен. Бұл шаштың берік болуына, оның түсіп, қурап кетпеуіне сеп болатын бірден-бір «табиғи бальзам» болған. Бай-болыстар тоқал алып, төсек жаңғыртудың алдында осы сумен бастан-аяқ жуынған деседі. Тазбастықтан, тері ауруларынан, ең бастысы белсіздіктен қорғайды. Жылқының жүрегін жеу ми қызметін жақсарттады. Мидағы миллиондаған жасушаларды жаңартып, есте сақтау қабілетіне жауап беретін талшықтарға көмек береді. Бұл тағы да мидың ұзақ уақыт «мүлтіксіз» қызмет көрсетуіне сеп. Ол үшін жылқы жүрегін пісіріп, не қуырып жеу керек.

ҚАН ҚЫСЫМЫНЫҢ ЖОҒАРЫЛАУЫН ТЕЖЕЙДІ

Жылқы етінде негізінен минералды заттар, оның ішінде темір көп. Әсіресе, жылқы бауыры темірге, A1, B2, B12



дәрумендеріне бай. Мамандар жылқы етін мұздатқышта сақтағаннан гөрі оны сүрлеп сақтаған әлдеқайда пайдалы екендігін айтады.

Қан қысымы ауруының алдын алғыңыз келсе, жылқы етін көп тұтынып, майынан ас дайындаңыз. Ол инфаркт ауруына алып келетін холестериннің мөлшерін азайтып, қан қысымының жоғарылауын тежейді. «Сүйек сынып, буын былқылдап тұрса жылқының майын жақ» деп жататын әжелеріміздің сөзіне құлақ аса бермейтініміз бар. Негізінен жылқы майының құрамында тін жасушалары мен жілік майын жақсартатын пайдалы элементтер бар. Яғни сүйек пен буынның берік болуына өзіндік себін тигізеді.

Күн суытып, қырау түскенде соғымға жылқы малы сойылады. Себебі, жылқы етін жеу, яғни қыста жаураптайды, қуатты арттырып, қажетті дәрумендердің орнын басады. Осыдан-ақ жылқы етінің қадір-қасиетін біле беріңіз.

ЖЫЛҚЫ ЕТІ 17 ТҮРЛІ АУРУҒА ЕМ

- Холестерин жоқ, калориясы төмен болғандықтан көптеген ауруларға ем.
- Жүрек-қан тамырлары аурулары, асқазан, өкпе дертіне шалдыққандарға бірден-бір ем.
- A1, B2, B12 дәрумендеріне бай, қан айналымын жақсарттады.
- Стресс пен күйзелісті басады.
- Қатты шаршаған адам жал-жая жесе, миы тынығып, жүйке жүйесі қайтадан қалпына келеді.
- Глюкогенге бай жылқы етін жиі пайдаланған адам шаршамайды.
- Жылқының жүрегі мидағы жасушаларды жаңартып, есте сақтау қабілетін арттырады.

P.S.

Негізі басқа ұлттарға қарағанда қазақ халқы ет өнімдерін көп тұтынады. Бабаларымыз халал талаптарына сай еттен сан алуан тағамдар дайындаған. Қазір бүткіл дүние жүзі халал асқа аса қызығушылық танытып, ерекше көңіл бөліп жатқанда, халал ет өнімдерін өндіруші елдердің қатарында болуымыз мемлекетімізге үлкен пайда әкеледі. Сондықтан халал ас тұтынуға ерекше мән беріп, ұлттық тағамдарымызды ұлықтай білсек, қандай тамаша болар еді...






● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ – ОРЫНДАЛДЫ

Бүгінде цифрландыру мәселелеріне айрықша маңыз берілуде. Ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде пайдалану қажеттілікке, көптен бері үйреншікті жағдайға айналды. Адам қажеттіліктерін шұғыл шешу ыңғайлы әрі жылдам, ең бастысы қауіпсіз. Қазіргі уақытта Үкімет әрбір қазақстандықтың өмірін туғаннан бастап жақсартуға және жеңілдетуге арналған 62 жаңа «цифрлық» бастаманы іске асыруда. Олар қоғамдық ортада көптеген жағдайлардың басым бөлігіне қатысты. Бұл туралы Primeminister.kz сайтында жарияланған шолу материалынан нақтырақ танысуға болады.

Мемлекеттік басқару жүйесінде цифрлық технологияны қолдану – бүкіл бағдарламаның табысты болуының басты кілті. Бұл істе тұбегейлі өзгерістер қажет. Барлық құжат айналымын толықтай электронды форматқа көшіру керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.



ЦИФРЛЫҚ 62 БАСТАМА

Жаңа технологиялар қазақстандықтардың өмірін қалай жеңілдетеді?

ОНЛАЙН ОТБАСЫ

Әділет министрлігі Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесе отырып, Digital Justice жобалар портфелі аясында бірнеше ыңғайлы қызметтерді іске қосты.

Осындай қызметтердің бірі – мобильді қосымша арқылы некеге тұруға өтініш беру. Егер сіз отбасын құруды жоспарласаңыз, енді АХАЖ бөліміне барудың, құжаттарды жинаудың, ұзын-сонар кезекте тұрудың қажеті жоқ. Ол үшін банктік қосымшаға кіріп, Мемлекеттік қызметтер бөліміне өтіп, тиісті өтінімді жіберу жеткілікті. Әзірге мұны қаржы институты жасап отыр, болашақта мұндай мүмкіндіктер банктік басқа қосымшаларда қарастырылмақ.


Қазақстан азаматтар бұл цифрлық қызметті жылы қабылдады. Биылғы ақпан айының алғашқы күндерінен бастап 600-ден астам жұп жаңа сервистің көмегімен некені тіркеуге өтініш рәсімдеді. Олардың үштен бірінен астамы АХАЖ органдарымен расталған. Бұрын мұндай қызмет «Электрондық үкіметтің» сайтында ғана қолжетімді болатын.

ЦИФРЛЫҚ БИЗНЕС


Жыл басынан бері egov.kz міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеуге қолжетімді болды. Рәсімдеу үшін порталға кіріп, тиісті өтінімді толтыру жеткілікті.

Жаңа жылдан бастап қазақстандықтарға қолжетімді тағы бір цифрлық қызмет іске қосылды. Ол ЖШС-ны тез әрі қиындықсыз тіркеуге мүмкіндік береді.

Бұл үшін сізге тек смартфон және аз ғана уақыт қажет. Нақтылай айтқанда, біз банктік мобильді қосымшамен биометриканы қолдану арқылы кіріп, «ЖШС тіркеу» қызметін таңдаймыз. Барлық қажетті жолдарды тол-



• Бүгінде мұндай қызметтің түр-түрін бірнеше секунд ішінде жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Ол үшін тек смартфон мен қажетті мобильді қосымшалардың болуы жеткілікті.



«ЦИФРЛЫҚ» КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУ ҚЫЗМЕТІ

1 наурызда ақпараттық жүйелерде бар азаматтардың цифрлық деректері негізінде онлайн-режимде әскерге шақыруды кейінге қалдыру немесе одан босату бойынша қызмет іске қосылды.

Аталған қызмет азаматтарды талап ететін құжаттарды жинаудан және әскери комиссариатқа бару қажеттілігінен босатады. Сонымен қатар, жақын арада әскери есепке міндетті тіркеуді және шығаруды тоқтату туралы шешім қабылданады. Енді тұрғылықты жерін ауыстырған кезде әскери міндетті немесе мерзімді әскери қызметшіні тіркеу және есептен шығару жергілікті әскери басқару органдарына бармай-ақ автоматты түрде жүзеге асырылады.

ЖЕЛІДЕН ТЫС КИБЕРШАБУЫЛШЫЛАР

Цифрландыру – бұл жайлылық пен кең мүмкіндіктер беретін заманауи әлемнің итілігі болса да, мұнда да алаяқтармен бетпесте келу мүмкін екенін қаперде ұстаған жөн. Ақпараттық технологияларды кеңінен енгізу киберқылмыс санының көбеюіне әкелді. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, биылғы жылдың басынан бері құқық қорғау органдары осындай 1,5 мың құқық бұзушылықты тіркеген.

Алаяқтардың құрығына қалай түспеуге болады?

Қалай болса да, күмәнді сілтемелерге жоламаңыз және сізбен байланысқан адам өзін құқық қорғау органының қызметкері немесе банк қызметкері ретінде таныстырса да, жеке деректеріңізді ешкіммен бөліспейіз. Сонымен қатар, Қазақстанда тіркелмеген немесе ауыстырылған абоненттік нөмірлерден келетін қоңырауларды бұғаттайтын антифрод-жүйе қазірдің өзінде қолданыла бастады. Бұл Ішкі істер және Цифрлық даму министрліктерінің бірлескен жұмысының арқасында мүмкін болды.

DIGITAL JUSTICE ЖОБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ

НЕКЕГЕ ТҰРУ ТУРАЛЫ ӨТІНІШ



Қызметті алу үшін не істеу керек

- банктің мобильді қосымшасында мемлекеттік қызметтер бөлімінде өтініш толтыру
- мемлекеттік баж төлеу
- қалыңдық/күйеу жігіттің келісімін күту керек

*Қазіргі уақытта сервисті тек бір өтініш дәрежесінде банктің мобильді қосымшасында жасауға

DIGITAL JUSTICE ЖОБАСЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ

ЖШС ТІРКЕУ



Қызметті алу үшін не істеу керек

- банктің мобильді қосымшасында «ЖШС тіркеу» қызметін таңдау
- компания туралы керек деректерді енгізу
- өтінішке қол қою
- кәсіпкерлік қызметті бастау туралы хабарлама алу керек

*қызмет Қазақстан резиденті болып табылатын жалғыз қатысушысы бар ЖШС үшін қолжетімді

«Антифрод» абоненттік қоңыраулар туралы ақпаратты өңдеу арқылы алаяқтардың қоңырауларын бұғаттайды. Арнайы бірыңғай жүйенің көмегімен байланыс операторы нөмірдің белсенділігі туралы деректерді сұрайды және оларды автоматты режимде талдайды. Егер жүйе қоңыраудың шынайы екенін және нөмірдің жалған емес екенін растаса, қауіпсіз байланыс орнатылады.


Байланыс операторларының мәліметінше, 2022 жылы жүйені біріктіргеннен кейін 19 млн-нан астам алаяқтық қоңыраулар бұғатталды, ал биылғы екі айда осындай 8 миллион қоңырауға тосқауыл қойылды. Бүгінде ұялы байланыс операторлары мұндай жағдайларды толығымен жою үшін алгоритмдерді жетілдіреді.

● ТҮЙІН:

Цифрландыру туралы әңгіме алыс болашақ туралы қиял емес. Цифрлық Қазақстан қазірдің өзінде өмірлік шындыққа айналды. Қысқа уақыт ішінде біздің еліміз ТМД және Орталық Азия елдері арасында кейбір позициялар бойынша алға шықты. Бұл әлі шегі емес. Цифрлық шешімдердің пайдасын еліміздің көптеген азаматы бірден сезінеді. Сонымен қатар, жұмыс мұнымен аяқталмайды, алда біздің уақытымыз бен ақшамызды үнемдеуге мүмкіндік беретін жаңа пайдалы қызметтер мен шешімдер күтіп тұр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: Primeminister.kz).

- Онлайн сатып алулар, рейстер мен қонақүйлерді брондау, қолма-қол ақшасыз кез келген төлем жасау, бұл мүмкіндіктерсіз бұрын біз қалай жүрдік, тіпті адам нанғысыздай көрінеді.
- Онлайн-режимінде тиісті сұрау салу арқылы: көлікті қайта рәсімдеу, жүргізуші куәлігін ауыстыру, ЖШС ашу және тіпті отбасын құру сынды көптеген тұрмыстық және жұмысқа қатысты мәселелерді өзіңнің қатысуыңызсыз да шешуге болады.





● МЕРЕЙ

Алматыдағы мемлекеттік қуыршақ театрында белгілі актриса Айымторы Тайғаринованың 85 жылдық мерейтойы аталып өтті. Көңіл толқытатын ерекше кешке өнер адамдары, көрермендер, үзеңгілес жолдастары қатысты. Ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.



ТЕАТР АНАСЫ

11 жылдан бері Қарттар үйін мекен етіп келе жатқан театр өнерінің ардагері, актриса Айымторы Тайғаринова жайлы бір үзік сыр

«Театрдағы балаларым ерекше құрметке бөлеп жатыр. Барлығына алғысымды білдіремін. Өздері келіп мерейтойыңызды атап өтейік, қалай қарайсыз деп сұрады. Шынымды айтсам, жүрегім елжіреп кетті. Қарттар үйінде тұрып жатқанымға қарамай, көңілімді көтерейін деді ме, 85-ке келгенде осындай кеш өткізіп отыр. Сонау бір жылдары бірге жұмыс жасаған әріптестерім де келіп жатыр. Гүлдерін сыйлап, еңбегімізді елеп-ескеріп жатқаны қуантады. Мұндай мәртебеге лайықты болғанымға қуанамын. Жастайымнан театр сахнасында түрлі рөлдерді сомдадым. Талай акын-жазушылардың, талантты актерлардың көзін көріп, батасын алған едім. Кейінгі жылдары белгілі бір себептермен Қарттар үйіндемін. Мені күштеп апарған жоқ. Тағдырымда сондай жағдай болып қалды. «Жалғыздың шаңы шықпас» дейді ғой, сол сияқты менің атым шықпады», – дейді белгілі актриса.

Өнегелі өнер жолын көрші қырғыз елінен бастаған актриса Алматыға келіп Әнуар Молдабеков, Есболған Жайсаңбаев сынды жастармен қатарласа актерлік өнерге оқуға түсуге асық болды. Актриса театр тарихынан таусылмас сыр шертетін энциклопедиямен пара-пар келетін Нұрмұхан Жантөрин, Әзірбайжан Мәмбетов, Хадиша Бөкеева, Мәкен Исакызы секілді өнер майталман-

дарынан тәлім алып, өнердің биігіне ұмтылған жастардың бірі болды. Өнердегі ең табысты жылдарының барлығын осы театрмен байланыстыратын актриса:

«Әр қойылым біткенде көрермен залдан кетпей, мені күтіп тұратын еді. Сахнада тұрып көз жасымды сүртіп, ерекше әсер алған адамдарды көргенде, іштей шаттанып, қанаттанып қалатынымын...», – деп еске алады.

«Жас кезімізде Айымторы апаймен осы Алматы мемлекеттік қуыршақ театрында бірге жұмыс жасадық. Гастрольмен шетке шыққанда бізге қамқор болатын. Тамақ пен шәйімізді әзірлеп, «балапандар, тамақтаныңдар» деп отыратын. Біздің есімізде мәңгілік жадырап, жайнап жүретін бейнесімен есте қалды. Айымторы апайымыздың еңбек жолы көрермен көңілінде мәңгі сақталары сөзсіз», – дейді Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Қарашаш Абуева.

Актрисаның шығармашылығына арналған бенефис кешке Алматы қаласы әкімдігінің өкілі Арман Халбеков, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші Сәкен Майғазиев, Театр қайраткерлері одағының өкілі Рабига Бибошқызы және т.б қатысты. Кеште актрисаның бұрындары сомдаған спектакльдерінің үзінділері қойылды. Өсерлі, әсем әндер шырқалды.

● ЖАҢА КІТАП

АЯГУЛ ФЕНОМЕНИ

Алматы қаласындағы Alatau creative hub орталығында «Аягүл» кітабының таныстырылымы және Аягүл Мантай шығармашылығына арналған әдеби кеш өтті.

Алматыдағы кештен кейін қазақ әдебиетіндегі қыздарды қолдау мақсатында «Аягүл Мантай атындағы сыйлық» берілетін болды. Бұл туралы Аягүлмен бір топта бірге оқыған жастар ақылдасып шешкен екен. Тіпті кәсіпкер, Аягүлмен жақын араласқан Бактыгүл Қамбарова аталған сыйлықтың қаржылай жүлдесін жыл сайын беруді өз мойнына алатынын айтты.

«Аягүлдің кітабын шығаруға акын, қоғам қайраткері Мақпал Мыса өз үлесін косты. Ол кітаптың мұқабасына, безендірілуіне дейін көңіл бөліп, бар шаруасын қадағалап отырды. Ақпан айы Ая Мантай феноменіне арналды. 14 ақпан күні кітаптың толық тиражын алдық, бір айда үш қалада – Астана, Шымкент, Алма-

ты қалаларында өтті. Әр қалада кеш өзінше өзгеше өтті. Астанада Аягүлдің бейнесі көбірек ашылды деп келді өткізген қыздар. Шымкентте «асылымызды аялай алмадық» деп жүрген жерлестері сезімге толы, жылы кеш өткізді. Ал Алматыдағы кеште негізінен таланттың тағдырына қоғамның әсерін көбірек айттық. Аягүлдің шығармалары арқылы екінші өмірі басталды. Құрбысы ретінде бойымнан бір ауыр жүк түскендей жеңілдедім», – дейді құрбысы Бану Ондасынова.

«Аягүл» деп аталатын кітапты Аягүл Мантайдың өмірде жақын, сырлас досы болған Бану Ондасынова құрастырған. Кітаптың бірінші бөлімінде Аягүлдің жақын араласқан достарының, Мәскеу жоғары оқу орнында бірге оқыған достары мен қаламдастарының естеліктері және Аягүлдің журналистерге берген сұхбаттары енгізілген. Екінші бөлімде Аягүлдің қаламынан туған барлық әңгімесі берілген.

Әзірлеген

Ақтолықн ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



Осыдан бір жарым жыл бұрын өмірден мезгілсіз өткен талантты жазушы, «Серпер» сыйлығының, Президент стипендиясының иегері Аягүл Мантай шығармашылығына арналған әдеби кешке журналистер, қаламгерлер, Аягүлдің достары қатысты.

«Аягүл шығармаларына талдау жасаған едім. Оның жазушылық деңгейі жоғары болатын. Жастардың арасында қалам ұстайтындар көп негізі. Бірақ солардың барлығы мықты жазушы емес қой. Талабы жақсы, ниеті күшті, бірақ таланты жетпейтін қалам ұстайтындар да бар. Ал Аягүл болса әдебиетке, прозаға өзінің үнімен ақырын ғана аяндай басып, оқырмандардың жүрегінен ерекше орын алған болатын. Талантты еңбекпен ұштастырған жазушы, журналист еді», – дейді жазушы, ғалым Нұрәулет Ақыш.

● БАЙҚАУ

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕРУЕНІ

Іс-шара мақсаты – қайырымдылық пен жанашырлықты насихаттау, өз бастамаларымен игі іс атқарған адамдарға алғыс айту, әлемді жақсылықпен құтқаруға шақыру. Биылғы байқауда алматылықтар 4 номинация бойынша лауреат, яғни жеңімпаз атанды. Барлығы Алматидан 30-ға жуық қатысушы болды.

Алматыда «Қайырымдылық керуені» республикалық байқауының алматылық жеңімпаздары марапатталды.

Елімізде «Қайырымдылық керуені» байқауы Нұрсұлтан Назарбаев қоры мен Қазақстан іскер әйелдер қауымдастығының ұйымдастыруымен бесінші рет өтті. Байқаудың барлық жеңімпаздары елордада марапатталған болатын.

Қайырымды істерімен көзге түскен алматылықтарға мегаполисте де арнайы марапаттау кеші ұйымдастырылды. «Асар», «Туған жер», «Батыл жүрек», «Мейірім жолында», «Қайырымдылық тарихы», «Бала жүрегі» және «Жануарға мейірім» номинациялары бойынша жеңімпаз не номинант атанған адамдарға мақтау қағаздары мен сыйлықтар табысталды.

«Мейірім жолында» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған Оксана Маралова мұндай жоғары марапат үшін ризашылығын білдіріп, игі істерін ары қарай да жалғастыратындарын айтады.

– «Әділ» қоғамдық қорының мақсаты – ата-ана қамқорлығынан тыс қалған балаларды бір мекемеге біріктіру, бір отбасының балаларын бір-бірінен ажыратпау. Қоғамдық қор қайырымдылықпен 6 жылдан астам уақыт айналысып келе жатыр. Біздің балаларға арналған 4 үйіміз бар. Олар Алматы қаласы мен Алматы облысында орналасқан. Сондай-ақ, біз Қарттар үйлеріне де жиі көмектесеміз: азық-түлікпен қамтамасыз етеміз, мерекелік концерттер ұйымдастырамыз және т.б. Жақсылық жасауды мұнымен тоқтатпаймыз. Шын ниетпен істесең, шешілмейтін мәселе жоқ, – деді ол.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

● ОТБАСЫ ҰЙЫТҚЫСЫ

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТЫНЫШТЫҚ ШЫРАҚШЫСЫ

Өмірдің мәні, тіршіліктің сәні – әйел. Әйел – Ана, Әйел – өмір, Әйел – тіршілік өзегі. Өмір бесігінде бала тербетіп, адамзат баласына ұрпақ сыйлар ұлы құдірет иесінің есімі әрқашан да қастерлі, сөзі өсиет, тұғыры биік.

Тәуелсіз еліміздің бүгінгі күнге нығайып, әлем таныған абыроймен жетулеріне нәзік жанды әйел азаматтардың өлшеусіз үлес қосып жүргендігін мақтанышпен айта аламыз. Әйел қандай қызмет атқарса да, аналық құқығын гүлдендіре отырып, үлкен жауапкершілік пен сенімділіктің, жоғары кәсібиліктің үлгісін көрсетіп, уақыт көшінен қалмай, болашаққа деген сенімнің зор ұйытқысы болуға. Әлемдегі барлық жақсы істер мен ізгілік әйелдерден тарайды.

Мемлекет пен қоғам үйлесімділігі де әйелдерге байланысты. Қазақстандық әйелдер билік пен бизнесте, ғылым мен мәдениетте ерекше қабілетімен танылуға. «Ана бар тілегін перзентінің жолына, бақытына арнаған әлемдегі ең мейірман жан» деген екен қазақ әдебиетіндегі аналар тақырыбының атасы Ғабит Мүсірепов. Шындығында, әйел – отбасының ұйытқысы, ол отбасында ғана емес, жалпы қоғамда да бейбітшілік пен тыныштықтың шырақшысы саналады. «Әйел бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербетеді» деген де соны білдірсе керек.

Қазіргі заманда әйелдер қауымы қоғам мен мемлекет ісіне келгенде ер-азаматтардан кем белсенділік танытып отырған жоқ. Қазақстанның мемлекет болып қалыптасу жолындағы сонау қиын-қыстау жылдарында елдің еңсесін көтеруге атсалысудан бастап, бүгінгідей әлемге танылып, бәсекеге барынша қабілетті мемлекет болуға ұмтылып отырған заманда да әйелдер қауымының қосқан үлесі шексіз. Олардың соңғы уақытта қоғамдық жұмысқа етене араласуы байқалып, саяси қызметтерде

өсуі бекіді. Мемлекеттік қызметтерде де нәзік жандылардың салмағы айтарлықтай артып келеді. Мемлекет ісінде жоғары, жауапты қызметтер атқаратын әйелдер қауымы өздерінің білікті басшылығымен ерекшеленіп қана қоймай, Отанымыздың жетістіктеріне де тың дем беруде.

Тәуелсіздік алған күннен бері Қазақстанда мақсатты түрде гендерлік саясат сауатты жүзеге асырылып келеді. Мұның арқасында әйелдерге өздерінің кәсібі және шығармашылық әлеуетін жүзеге асыратындай толық мүмкіндіктерге жол ашылды. Дәл осы бағыттағы мемлекеттік саясатқа Президентіміз Қ.Тоқаев та ұдайы мән беріп, ана мен баланың әлеуметтік қорғалуына, отбасы құндылықтарының бірінші кезекте қаралуын назарға алып, осы мәселелерді ұдайы қолдап келеді. Қазақстанда әйел азаматшалардың саны тоғыз миллионнан асады екен. Бүгінде мемлекеттік қызметтегі қызметкерлердің басым бөлігін, жартысынан астамын әйелдер құрайды. Денсаулық сақтау саласында олардың үлесі 75 пайызға, білім беру саласында 65 пайызға дейін жетеді. Бизнестегі басшылардың да 40 пайызы нәзік жанды арулар. Бүгінгі таңда біз білетін әйел бейнесінің қыры өте көп. Айталық, әйел – саясаткер, әйел – көлік жүргізуші, әйел – атбегі, әйел – бала тәрбиелеуші, әйел – үй күтушісі, әйел – құрылысшы, әйел – заңгер, әйел – экономист, әйел – тағы, тағы... Міне, осы тізімді әрі қарай жалғастыра беруге болады. Әрине, әйел, ең бастысы – ана. Мемлекеттік тұрғыдан



қарастыратын болсақ, әйелдің қоғамның барлық саласына ер-азаматтардан қалыспай, белгілі дәрежеде ірі қайраткерлер есебінде қызметтер атқаруы еліміздің нығаюына оң ықпалын тигізуде.

Қазақстан бәсекеге қабілетті елдер қатарында мәңгі тұрақтануы үшін әйел мен еркектердің барлығы бәсекеге қабілетті болуы керек. Яғни біз басқа мемлекеттерден мәдениет, білім, ғылым жағынан артта қалмауға тиіспіз. Әлем елдерінің алдындағы оң саяси имиджімізді бұдан да мықтырақ ету үшін демократиялық қағидаттарға негізделген гендерлік саясаттың арнасын кеңейтуіміз керек деп ойлаймын.

Түйіндей айтқанда, әйел – қоғамның тірегі, мемлекет дамуының тұғыры. Тәуелсіздік жылдарында тыныштық пен тұрақтылықты сақтауда әйелдер қауымының үлесі зор болған болса, бұдан әрі қарай да елдік саясаттың осы бағытында мемлекет те нәзік жандылардың ұдайы қолдауына сүйенеді. Өйткені, ел болашағының барлығы, тыныштық пен тұрақтылық саясатының өзегі де әйел азаматтарының қолынан өтеді.

Гүлмира АҚБАЕВА,
Алматы қаласы бойынша
Қазынашылық департаментінің
бас маманы-бас қазынашысы.



САЛАУАТТЫ ӨМІР

ШЫНЫҚСАҢ – ШЫМЫР БОЛАСЫҢ

«Өзіңнің дене бітіміңе қара, сонда өмірге құлшынысың артады»



Көп адамды қаржы қинайды. Өзінің ас-ауқатын ойлайды. Бір күндік табысын басқаға жұмсағысы келмейді. Мүмкін болғанша, өз отбасына жаратады. Оған қарсы емеспіз. Алайда, өзін де ұмытпаған жөн. Қу тіршілікке бой алдырасыз. Бір күні қажып шаршайсыз. Жүріп тұруға халіңіз жетпейді. Мұның ақыр соңы немен бітетіні айтпаса да түсінікті.

Әр азамат табыскер бола алады. Бізге қаржы келіп-кетіп жатыр. Әр ақшаның қайыры бар екендігі рас. Сол қу дүниені тиімді етсек игі. Басқаны айтпағанда, салауатты өмір салтына аямаған абзал. Кейде өзіңізге қимағаныңыз, жоғалып та қалады.

Ғаламтор – қызықтар әлемі. Түрлі нәрсені көз шалады. Көрген сайын көрсем дейсіз. Сондай қызықты видеолар ішінен мотивациялық роликтер көзге ілінді. Атақты бодибилдер Грек Плит «өзіңнің дене бітіміңе қара, сонда өмірге құлшынысың артады» дейді. Өйткені, ол өзін қалыптастырған адам-тұғын. Айтуына толық негіз бар.

МОТИВАЦИЯ

Өмірде әр іске мотивация керек. Бұл дәлелденген теорема. Қарапайым сияқты көрінеді. Шығыстың ұлы философы Конфуций «Бір нәрсені айту – оңай, ал оны істеу – қиын» депті. Шындығы солай. Қанша айтқанмен, бірден бастап кетуге ең жарлық танытамыз. Былай қарап тұрсаңыз, біреу келіп бастап бермесі ақиқат.

Өткен жылы Стамбұлға сапарладық. Бұғазды көрмекке жол тарттық. Бір үш кербез жігіт мінді. Бәріміз ыңғайлы орын іздедік. Сөйтіп, қайықтың төбесіне көтерілдік. Әлгілермен қарама-қарсы тарапқа отырдық. Бұғазды айналып келем дегенше 1,5-2 сағат өтті. Баяғы жігіттердің біреуі өте денелі екен. Құдды әйгілі модель Дефф Сейд келгендей дерсіз. Бойы ұзын. Денесі сымдай тартылған. Киген футболкасы, көзілдірігі бәрі-бәрі үйлескен. Қызық-қызықтың көзі сонда. Кейбірі жақындап суретке түсіп қояды. Ойдың түп төркіні – сымбатты жан, көз бен көңілге бірдей жағатыны анық.

Бір бастамаға екінші жағдай түрткі. Бұл – заңдылық. Сондықтан спортпен тез арада шұғылдана бастау керек. Қолдағы қаражатты бір ыңғайлап кірісе беріңіз. Осыдан соң әр шаруаға құлшыныспен кірісетін боласыз. Артық салмақ, мыжырайған келбет қолайсыздық тудырады. Ондан да дене бітімді бір қалыпқа түсіретін кез келді деп білеміз.

ТУРНИК

Ер бала кем дегенде 10–12 мәрте турникке тартыла білуі керек. Кәмелетке толғанша спортпен белсенді айналысса игі. Одан кейін де мұны жалғастырады деп ойлаймыз. Негізін бір қалап алса, жарты жолда тәрк етпес.

Қазір әрбір алаңда, аулада – турник бар. Дала мен қала деп бөлуден қалдық. Әрқайсысының мектеп маңында төртбұрышты темірлері бар. Сол себепті, жасөспірімдерге таптырмас қолжетімді дүние. Бұл үшін ешкім ақы талап етпейді.

Турник – тәнімізге пайдалы. Түрлі тәсіл жасайсыз. Бірнеше рет тартыласыз. Айналып, үстіне көтерілесіз. Шыныға келе бір қолмен тартылатын деңгейге жетесіз. Көкірек, арқа, иықты машықтандырасыз. Ең қажеттісін, қарындағы майды азайта аламыз. Үлкен-кішінің бәрі айналыса береді. Жасқа, жынысқа шектеу жоқ.

Аталған құрылғы кез келген жерде бар. Уақытқа шектеу болмайды. Қолыңыз босаған сәтте келіп тартылып тұрсаңыз болады. Өте тиімді дүние деп айтар едік.

Спорт – денсаулықты жақсартады. Адамға зор пайдасы бар. Бастысы, өзіңді жеңіл сезінуге көмектеседі. Көңіл күйді серпілтеді.

Қазір спортпен айналысамын дегенге жағдай жасалған. Қаласа жаттығу залына барады. Арасынан ең жақсысын таңдайды, 3–6 айдан аса абоненттік төлем алады. Интернет арқылы жазылса болады. Қажетті соманы төлесіз болғаны. Қалаған уақытыңда жаттыға береді. Қысқасы, ниет керек.



БРУСЬЯ

Ең ыңғайлы спорттық құрылғы ол – брусья. Жаны қалаған кісі келіп шыныға береді. Бұл да көпшілікке қолжетімді. Бастысы – ақысыз.

Брусья – тиімді зат. Әсіресе, көкірек бұлшық еттерін өсіруге септеседі. Жіні жиі жасай берсеңіз үйреніп кетесіз. Сосын кем дегенде 25–30 рет жасай алатын боласыз. Күн сайын немесе күн ара 3–4 мәрте 5–8 реттен шұғылдансаңыз жеткілікті. Ары қарай өздігіңізден жасап, қалыптасып қаласыз.

Жігіттер үшін сымбатты дене бітімі маңызды. Жас кезде артық салмақ болғаны, оғаш көрінеді. Осыдан қашып, брусья жасайды. Бірақ көбісі техникасына мән бермейді. Аяқты айкастырып, алға еңкейіп жасасаңыз, шаршамайсыз. Дәп сонда ғана көкірек бұлшық еттеріне тікелей әсер етеді. Тұрақты жасай білсеңіз 3 айда өзіңіз, 6 айда өзгелер келісті дене бітіміңіз қалыптасқанын аңғарады. Сондай-ақ, қолдың бұлшық еттерінің өсуіне, ішке пресс шығуына пайдасы зор.

Неғұрлым брусьямен жаттықсаңыз, соғұрлым ойлағаныңызға тез жетесіз. Әрине, ашық аспан, таза ауада айналысқанға ештеңе жетпейді. Қыс, жаз демей біртіндеп айналыса беру – пайдалы іс. Ертеңгі күні футболка кигенде, жараса кетеді. Өмірде түрлі жағдай болуы мүмкін. Мейлінше қазақ жігіттері формада жүргені дұрыс. Мұны тұспалдап та, туралап та айттық. Білгенге – маржан!

ЖҮГІРУ

Спорт – тұрақтылықты сүйеді. Мұның таптырмас бастауы – жүгіру. Соңғы уақытта танда, кешке жүгіретіндер қатары артты. Демек, бетбұрыс тәуір деген сөз.

Жүгіру барлық дене мүшелеріне пайдалы. Кем дегенде 30–35 минут жүгірсеңіз жеткілікті. 2–3 шақырым қашықтықтан артығы артық. Бұдан да асыра бересіз. Бірақ ұдайы бір қалыптан таймаған жөн деп білеміз. Белгілі бір қашықтықты бағындырғаннан кейін, 10–15 минут жаттыққан дұрыс. Керіліп созылып, буын-буынды машықтандыру қажет. Белді айналдырып, мойынға жаттығу жасаңыз. Кішігірім гимнастика да артық болмайды.

Үнемі жүгірумен айналысқандар көп жағдайда ұтады. Соның ішінде кеңседе компьютер, іс-қағаздармен жұмыс істеу қажытып жібереді. Сол себепті де, бірауық жүгіріп тұрғанды жөн көреміз. Өйткені, көз қарауытып, бас айналып, жүрек-қан тамырлары қалыпты жұмыс істемесе, соңы ауруға душар етеді. Осыны болдырмау үшін шапшаң кимыл қажет деп түйдік.



ЖАТТЫҒУ ЗАЛЫ

Бұған екінші бірінің қолы жете бермейді. Қала тіршілігі қолды көп байлайды. Мегаполистің өз шарты бар. Кешкісін жұмыстан шығып кептеліспен үйге жету мұн. Біразының көлігі бар. Күйеуі, әйелі, баласы болса, үшеуінде де темір тұлпар болатын жағдайдан хабардармыз. Бұдан кейін кептеліс болмай қайтсін.

Жарайды, ол жағы қоғамдық мәселе деп қалдырайық. Жұмыста таңнан кешке дейін отырып жұмыс істейсіз. Жеке көлікте, маршрутта тағы үйге жеткенше отырасыз. Кейде қоғамдық көлікте діттеген жерге барғанша тұрып, қыстырылып баруыңыз да ықтимал. Осындай шаруаларды ыңғайлап уақыт табу қиын. Дегенмен, уақыт тапсаңыз өте игі болмақ.

Жаттығу залында зілтемір, гантель, турник, брусья барлығы самсап тұр. Сонымен қатар, жеке жаттықтырушы жалдауға болады. Бірақ таңда, түсте, кешке деп уақыт бөлінген. Осыған сай баратын сәтті таңдай аласыз. Белгіленген тәртіппен жүресіз. Егер жаттықтырушымен дайындалсаңыз, қалыпты режимде ұстайсыз. Тамақтану гигиенасы, ретін сақтайсыз. Дәл сол кезде ғана ойлаған дене бітім қалыптасады. Кейбірі жаттығу залында өзі дайындалады. Ғаламторда жаттығу ережелері жазылған. Көбісі сол бойынша, өз бетінше машықтанады. Негізгісі жүрекке салмақ түспесе болғаны. Шамамен әр айда 20–30 мың теңге көлемінде ақша болса, барып жаттыға беруге болады. Әлбетте, бұны да қалта көтере білуі керек.

Әр азамат табысының бір бөлігін физикалық қуатты арттыруға жұмсағаны абзал. Мейлінше жаттығу залында жаттыққан нұр үстіне нұр болар еді. Қанша дегенмен, айналадағы сыр-сымбаты келіскен, бұлшық еті шыққан, дене бітімі өзіне жарасымды жандар кім-кімнің де ынтасын оятады. Солардай болуға тырысады, бой түзейді демекшіміз.

ТЕК ЫНТА КЕРЕК...

Әр адамның шаруасы, уақыты қадірлі екенін меңзедік. Кейбір кісілер үй жағдайында дайындалады. Сыртқа барып әуре болмайды. Артық ақша шығындамайды. Өзіне қажетті гантель, штанга, арнайы құрылғылар сатып алса жетіп жатыр. Сол арқылы күнара, қаласа күнде бір мезгіл жаттығып қояды.

Осы күні жаңа пәтерлерде орын кең. Соның бір бұрышына, тұтас темірден жасалған турник, брусия затын сатып алады. Сөйтеді де, үйіне орнатады. Ал одан кейін жаттыға беріңіз. Ешкім қаржы сұрамайды. Өте қолайлы. Ешқандай бармаймыз. Үй жағдайында дайындалған деген осы. Үй жағдайында әлгі айтқан заттарды бір рет орнатып алсаңыз болғаны. Шамамен 100–150 мың теңге шығындайсыз. Есесіне, өзіңізге кішігірім жаттығу залы есебінде қалады. Күтіп қолдансаңыз, ұзаққа жарамды болады. Мұны кез келген отбасы мүшелерінің қолдануына мүмкіндік туады. Жалпы, спортты жанына серік етемін деушілерге бүгінде жол ашық. Тек ынта керек...

● ТҮЙІН:

Уақыт өз дегенін жасайды. Қанша жерден қаржыны қысқанмен болмашыға жаратылады. Кейде соған ішіміз күйеді. Қайтсек тиыннан теңге құрауды діттейміз. Соған жетпей де жатамыз. Оданда уақыт тауып жоғарыда аталған спорт түрлерімен айналыса бастайық. Елімізге дені сау ұрпақ керек. Халық даналығы «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді. Осы ұлағатты сөздің салмағы қашанда өзекті. Сонымен қоса, «шынықсаң – шымыр боларсың» деген нақыл бар. Қалжырап, мыжырайып-тыжырайғанша, спортпен шұғылданып, жадырап-жайнап жүрелік.

Әзірлеген Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



БРИФИНГ

ЖҰҚПАЛЫ АУРУДАН САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Қалада екпенің арқасында қызылша ауруы тіркелмеді

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының штаттан тыс эпидемиолог Эльвира Ибрагимова мен Алматы қалалық Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің бас маманы Владимир Юсупов қызылшаның алдын алу шаралары, белгілері және екпенің маңыздылығы туралы айтып берді.

Санитарлық эпидемиология департаментінің бас маманының айтуынша, 2022 жылы Алматы қаласында қызылша мен қызылша-тың зертханалық расталған жағдайы тіркелмеген. Бірақ көші-кон факторларын ескере отырып, мамандар бұл инфекцияның қауіпті екенін ескертеді.

«Қызылша ауруының алдын алу – өзекті мәселе. Бүгінгі таңда бұл ауру Ресей Федерациясы, Қырғыз Республикасы, Украина сияқты елдерде тіркелген. Шекаралас елдерде, атап айтқанда Ресей Федерациясының Новосибирск, Омбы облыстарында және Алтай аймағында қызылшаның зертханалық расталған жағдайы тіркелген жоқ. Соған қарамастан, бұл инфекция таралмау үшін профилактикалық іс-шаралар жүргізілуде», – деді В.Юсупов.

Инфекцияның алдын алуда ек-

пенің алатын орны ерекше. Мәселен, былтыр қызылшаға қарсы профилактикалық вакцинамен балалардың 99,1 пайызы, ревакциналаумен 99,3 пайызы қамтылды. Балалар Ұлттық екпе күнтізбесі бойынша 1 жаста және 6 жаста егіледі.

«Алматы қаласында вакцина жеткілікті. Әрбір бала өзі тіркеуде тұрған емханада тегін екпе ала алады. Барлық вакцина тегін беріледі. Сондықтан егер баланың жасы толған болса, тіркелген вакцина жасаймыз. Вакциналау дозасы – 0,5 мл. Ол Үндістанда шығарылады. Бұл вакцина соңғы 10 жыл бойы қолданылып келеді. Осы вакцинадан кейін асқынулар тіркелмеген. Вакциналау – бұл ауруға қарсы маңызды профилактикалық шара екенін тағы да еске саламыз. Бізде 2015 және 2019 жылдары қызылшаға қарсы имундау науқаны өтті. 2015 жылы 15 пен 19 жас аралығындағы адамдар екпе алды.



Ал 2019 жылы 20 мен 29 жас аралығындағы адамдар екпе алды. Оның ішінде вакциналаудан өтіп жатқан медицина қызметкерлері де бар. Бұл шаралар осы инфекцияға қарсы имунитетті қалыптастыруға мүмкіндік берді», – деп атап өтті спикер.

Вакцина баланы қызылшадан ғана емес, қызылша пен паротиттен де сақтайды. Оның үстіне, вакцина алғандар сирек ауырады. Эпидемиологтар имундық қабатқа жету үшін халықтың 95–97 пайызын вакцинамен қамту керектігін еске салады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қызылша – ауа-тамшылы инфекциялар тобына жататын жіті жұқпалы вирустық ауру. Адамнан адамға ауа арқылы, тыныс алу жолдарынан бөлінетін тамшылар немесе жұқтырған адамдардың мұрнынан немесе тамағынан бөлінетін заттардың ауа тамшылары арқылы тарауынан жұғады.

Қызылшаның негізгі белгілері: жоғары температура, әлсіздік, жөтел, мұрынан су ағу, ауыз қуысының шырышты қабатында ақ дақтар, ірі біріктірілген қызыл дақтар түріндегі бөртпе және жақ асты лимфа түйіндерінің ұлғаюы.

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі ардагерлер қозғалысының белсенді мүшесі, академик
Ешimbet Байбаракұлы БАЙБАРАКОВТЫҢ қайтыс болуына байланысты туған-туысқандары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

АЛМАТЫ ҚОРЫҒЫ АУМАҒЫНА БӨГДЕ АДАМДАРДЫҢ КІРУІНЕ ТЫЙЫМ САЛЫНДЫ

2023 жылдың 24 ақпанында Алматы мемлекеттік табиғи қорығы Талғар бөлімшесінің оң Талғар және сол Талғар шатқалының бойымен, қызмет кордондарына қатынасағын өрт қауіпсіздігі жолдарына бірнеше жерден, биіктігі 1,5 метр ені 15 метр болатын қар көшкіні түсті.

Бүгінде мемлекеттік инспекторлардың күшімен қарды ашу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Осыған байланысты қорық аумағына бөге адамдардың кіріп-шығуына тыйым салынды.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 549,10 теңге // 3 айға – 1647,30 теңге // 6 айға – 3294,60 теңге, 10 айға – 5491,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1369,10 теңге // 3 айға – 4107,30 теңге // 6 айға – 8214,60 теңге, 10 айға – 13691,00 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 469,10 теңге // 3 айға – 1407,30 теңге // 6 айға – 2814,60 теңге, 10 айға – 4691,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директордың
міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДҮСҚАЛИЕВ
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



СТИКЕРПАК

ЭКСКЛЮЗИВ

Президент бейнесі бар стикерлер шықты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бейнесі бар эксклюзивті стикерлер шықты. Бұл туралы хабар Президент телерадиокешенінің Телеграм каналында жарияланды.

«Достар, сіздермен Қазақстан Республикасы Президентінің бейнесі бар эксклюзивті стикерпаппен бөлісеміз. Стикерлер авторы – жас иллюстратор Аружан Унарбекова. Эмоцияңызды жаңаша білдіріңіз! Сіздердің хат-хабарларыңыз жарқын және қызықты болсын!», делінген хабарламада.

Иә, қазір түрлі стикерлер, смайликтер күнделікті өміріміздің айналасына бір бөлшегіне айналған. Біз бірімізге деген ықыласымызды, ниетімізді, тіпті көңіл күйімізді де қарапайым ғана смайликтер арқылы білдіріп жатамыз. Президентіміздің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі цитаталарымен көмкерілген 17 стикер де сіздің хат-хабарыңыздың бір бөлшегіне айналады деген ойдамыз.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

АДАМДЫ ДОС ТҰТҚАН ТИІН

көктемнің келгеніне қуанып, тыным таппай зыр қағып жүр

Алматыға көктемді ала келген аппақ бәйшешектерді тамашалау үшін Ботаникалық бақты бетке алғанбыз. Әрине, талай аумақты алып жатқан бақ іші әзірге қар мен күзде үзіліп түскен, қараала тартып кеткен өлі жапырақтарын жамылып жатыр. Тек шыршалары болмаса, тұтастай жасыл желекке орна қоюына сәл ертерек.

Қоңыл тақсып келе жатқан көңілімізді алдымыздан шыға келген қоңыр екі тиіннің әп-сәтте көтеріп әкеткені. Сондай сүйкімді. Көздері моншақтай. Жүні үлбіреп тұр. Бұлғандатқан ұзын құйрығының өзі көз тартады. Епті. Шалт. Сергек. Адамнан сескенбейді. Олар да көктемнің келгеніне қуанып, күн көзіннің айналаға шуағын молынан төгіп, жылылыққа бөлеп тұрғанын сезетіндей, тыным таппай зыр қағып жүр. Ойнап жүр, бәлкім.

Біз дереу өзгеше бір дыбыс шығарып шақырып әлекпіз. Қолымызда ештеңе жоқ, бірақ бос алақанымызды «кел, кел, мұнда кел» деп тосып қоямыз. Олар біздің, адамдардың тамақтандырғысы келіп емес, өзімен селфилеткісі келіп жатқанын қайдан ұқсын, жанымызға жетіп келгенімен, бос қолымызды көріп, ары қашады. Ақыры біреуі кетіп тынды. Батылдауы сол ма, әйтеуір біреуі қалып қойды да, маңайымызда ойнақтап жүріп алды. Адамды жатырқамайды. Қауіп келер деп сақтанбайтындай тіпті. Бізді бәлкім қара тұтып жүр.

Тиіндер әлем бойынша, Австралия мен Антарктидадан басқа, барлық жерді мекен етеді. Ал бізде шығыс, орталық және солтүстік аймақтарда, Тянь-Шань мен Жетісу (Жоңғар) Алатауының қарағайлы ормандарында өмір сүреді. Әлемде шамамен 365 түрі бар.

Қорегі – жаңғақтар, ағаш бүршіктері, өсімдік пияздары, ұсақ құстар, құс жұмыртқалары, бақалар. Бір күнде өзінің үш айлық азығын жинай алады. Бір қызығы, тамағын жинаған қоймаларының орнын ұмытып кетуі мүмкін. Ғылыми болжамдар бойынша, дүние жүзіндегі миллиондаған ағаштар тиіндердің көміп-сақтаған, кейін ұмытып кеткен қауашақ сортты ағаш тұқымдастарынан өсіп жетілуде. Қыста қорының төрттен бірін ғана жейді екен. Оларды қолмен тамақтандыру өте оңай.

Бес қабатты үйден құлаған тиін мертпейді. Бұл жануардың құйрығы руль мен парашют қызметін атқарады деседі. Тамаша жүзе алады. Құйрығы суланса, суға батып кетуі мүмкін. Қолға, торға бағуға көнбейтін, еркіндікті сүйетін жануар.

Тиіндер әдетте қыста және жылына екі рет қана жұптасады. Ересек тиін жалғыз тұрады. 2 жаста жыныстық жағынан жетіліп, ақпан-наурыз айларында ұйығады. Жылына 2 рет балайды. Жаңа туған тиіннің салмағы 50 грамнан аспайды. Соқыр болып туады. Туғаннан кейін 8 аптада бір-ақ көзі ашылады. Тиін – ең таза кеміргіш. Аталық тиін ана-



лығына қарағанда сыртқы түріне көбірек мән береді. Бір ағаштан екінші ағашқа ұша алады. Артқы аяқтары өте жақсы дамыған. Алдыңғы аяқтары артқы аяқтарына қарағанда қысқа. Түнде көзі қырағы.

Дене тұрқы 16–28 см, салмағы 450–600 г. Түсінің үстіңгі бөлігі ақшыл сұр не жирен,

қоңыр, ал астыңғы бөлігі толығымен ақ болып, үлпілдек, қалың жүнді, құйрығы ұзын (23 см-ге дейін) болып келеді.

Тиін ұясын ағаш бұтақтарына немесе қуыстарға салады. Адам тұратын үйге де салады. Ұясының ішін мүктермен және шөптермен әрлейді. Ақылды өзі!

P.S. Алып адамның да, титімдей жануардың да өз тіршілігі бар. Бізге аз-маз серік болған, қуаныш сыйлаған тиін өз жөніне, ал біз өз жөнімізге кете бардық. Сөйтіп, Алматының Ботаникалық бағынан ұзай бердік. Адам мен жануардың осынау әсем табиғаттың құшағында тепе-теңдік сақтап, бір-бірін аялап тұрғаны да жаратылыстың тылсым құдіреті-ау. Кез келген тіршілік иесінің өмір сүре бергені қандай жақсы!

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.